

**Қытаймен БИЗНЕС**

**ТІЛАШАР**

**ВСТ сөздігі**

商务汉语词典

**ӘОЖ 005 (038)**

**КБЖ 65.290-2**

**Қ 92**

**Қ 92** Қытаймен бизнес, тілашар, ВСТ сөздігі, 商务汉语词典/  
Құраст.: Б. Жантеев, Ф. Орынбасар.  
– Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2020. – 336 бет

**ISBN 978-601-06-6453-1**

Бұл кітап Қытаймен бизнес жасағысы келетіндерге, қытай тілін үйренгісі келетіндерге, ВСТ (бизнес қытай тілі деңгейін анықтау емтиханы) тестіне дайындалушыларға, жалпы қытай тіліне қызығушылығы бар оқырмандарға арналған.

Тілашар бөлімінде ауызекі тілде ең көп қолданылатын сөйлем үлгілері қамтылған.

Сөздікте талапкердің ВСТ сынағына дайындалуына және жалпы бизнес қытай тілінің негізгі қолданыстағы сөздерді меңгеруі үшін ыңғайлы етіп құрастырылған.

Сонымен қатар, оқырманның ыңғайлылығы үшін Қытаймен бизнеске және жалпы бизнеске қатысты құнды ақпараттармен ерекшеленеді.

**ӘОЖ 005 (038)**

**КБЖ 65.290-2**

**ISBN 978-601-06-6453-1**

© «Әлем» баспаханасы, 2020  
Барлық құқықтар қорғалған

# МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ.....</b>	<b>7</b>
<b>ҚЫТАЙМЕН БИЗНЕС.....</b>	<b>8</b>
Заңдылықтар.....	9
Бизнестің жауы - инфляция.....	15
Менеджменттің майталманы болыңыз.....	19
Қытай іскерлік мәдениетінің негізгі элементтері.....	20
Өндіруші іздеу.....	23
Алаяқтарға алданбас үшін.....	24
Proforma Invoice (PI) келісім шарты.....	32
Бірлесіп көтерме бағада алу жүйесі.....	33
Көтерме және бөлшек сауда бағасы.....	34
Тасымалдау.....	36
Cargo компаниялары.....	38
Саудаға қайсысы тиімді alibaba.com, 1688.com, әлде made-in-china.com? .....	39
Ең арзан бағаға қол жеткізу үшін.....	40
Арзан бағада сатудың шарапаты.....	43
Ресми түрде Қытайдан Қазақстанға тауар жеткізу.....	45
Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдері.....	46
<b>ТІЛАШАР.....</b>	<b>48</b>
Сәлемдесу.....	49
Өзін таныстыру.....	50
Сұрақ және өтініш.....	51
Хобби.....	54
Кездесу.....	57
Ауа райы/Табиғат.....	60

Көңілкөтеру.....	64
Саяхат/Демалыс.....	67
Кездесу уақытын белгілеу.....	71
Жалпы Фразалар.....	73
Қонақ үй.....	77
Шекарада.....	79
Мейрамхана.....	81
Көлік қызметі.....	87
Ресми қызметтер.....	94
Дүкен.....	95
Спорт/Белсенді демалыс.....	97
Сауда.....	102
Студент.....	107
Туысқандар.....	109
Қоғамдық орындарда.....	110
Аурухана/Денсаулық/Емделу.....	111
Жұмыс.....	119
Сабақ.....	120
Мұғалім.....	121
Қиыншылыққа тап болу.....	122
Келісу.....	126
Бас тарту.....	128
Өкіну/Кешірім сұрау.....	129
Пікір білдіру.....	131
Көңіл күй.....	134
Рахмет айту.....	136
Тілектер.....	137
Қоштасу.....	138
Жеке бас мәліметтері.....	139

Отбасы және бала-шаға.....	143
Қарым-қатынас.....	146
Үй/Тұрмыс.....	150
Жұмыс/Бизнес.....	153
Ойын — сауық.....	162
Оқу – ағарту/ Шет тілдері.....	165
Азық-түлік/ Тамақтану.....	170
Қызмет көрсету.....	174
Байланысқұралдары.....	177
Банк / Ақша.....	181
Мәдениет / Өнер.....	184
Уақыт / Күн.....	187

## **ВСТ (BUSINESS CHINESE TEST) СӨЗДІГІ.....192**

Қысқартылған атаулар.....	195
Қытай фонетикалық алфавиті.....	196
Қытай тілі фонетикасы.....	198
Қытайша - Қазақша ВСТ сөздік 1 деңгей (1300 сөз).....	200
Қытайша - Қазақша ВСТ сөздік 2 деңгей (1400 сөз).....	234
Қытайша - Қазақша ВСТ сөздік 3 деңгей (1500 сөз).....	269
Қытайша - Қазақша оп-оңай сөйлемдер.....	305
Қытай тіліндегі көмекші сөздер.....	312
Қытай тіліндегі негізгі (атауыш) сөздер.....	315
Қытай тілінің сөйлем мүшелері.....	326
Қытай тіліндегі толықтырғыш мүше.....	328

## **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....333**

# АЛҒЫ СӨЗ

*Ұсынылып отырған «Қытаймен бизнес, тілашар және ВСТ сөздігі» кітабы Қытаймен бизнес жасағысы келетіндерге, қытай тілін үйренгісі келетіндерге, ВСТ (бизнес қытай тілі деңгейін анықтау емтиханы) тестіне дайындалушыларға, жалпы қытай тіліне қызығушылығы бар оқырмандарға арналған.*

*Тілашар бөлімінде Қазақ және Қытай тілінің ауызекі тілде ең жиі қолданылатын сөйлемдері енгізілді.*

*Сөздікте талапкердің ВСТ сынағына дайындалуына және жалпы бизнес қытай тілінің негізгі қолданыстағы сөздерді меңгеруі үшін ыңғайлы етіп құрастырылған.*

*ВСТ сөздіктегі сөздер алфавит тәртібімен орналастырылды. ВСТ сөздік үш бөлікке бөлініп, бизнеске қатысты 5000 жуық сөздер мен термин сөздер енгізілді. Мағынасы әр түрлі бір тұлғадағы сөздер жеке-жеке беріліп, сөздің алдында араб цифрымен (①, ②, ③), ал сөз таптары рим цифрымен (I, II, III) белгіленді.*

*Сонымен қатар, оқырманның ыңғайлылығы үшін Қытаймен бизнеске қатысты және Қытай тіліне қатысты құнды ақпараттармен ерекшеленеді.*

# Қытаймен бизнес





Қытайдың соңғы қырық жылда мұншама қарқынмен дамуы, кез-келген жанды таң қалдырары сөзсіз. Барлық оқымысты ғалымдар зерттеулерін жүргізіп, даму себептерін баяндап келеді. Олардың қатарына ұтымды реформа, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға сәтті өтуі, жұмыс күшінің арзан болуы, бизнеске қолайлы жағдай туғызуы және т.б. жатады. Осылардың барлығы да мемлекеттің дамуына себеп болды.

Бұл кітапта Қытаймен бизнеске қатысты барынша көп ақпаратты қамтуға тырыстық. Әртүрлі тақырыптарға бөліп, жеке-жеке талдадық, пайдалы болатынына сенімдіміз.

Кейбір кәсіпкерлер тәуекел етіп кәсібін дөңгелетіп жатса да, кейбірі «тәуекелдің түбі – жел қайық, өтесің де кетесің» деп ойлап, тәуекел етіп, соңында бармақ тістеп қалғандары қаншама. «Бірде бар, бірде жоқ» бұл нарық алаңы әртүрлі сынағымен ерекшеленеді. Сол себепті кейбір заңдылықтарды білген дұрыс.

Кез-келген кәсіпкер қандай да істі бастамас бұрын, қоғамдағы заңдылықтар жайлы барынша көп мағлұматтарға ие болса, әр сөзін есеппен, әр қадамын мұқият басатынына сенімдімін.



## Заңдылықтар

Жалпы кез-келген қоғамдық істі бастамас бұрын, барлығына ортақ, негізгі заңдылықтарды білген дұрыс. Кешегі коммунизм, бүгінгі капитализм де өзгертпек болған бұл заңдылықтар өз қалпында сақталып келеді. Әрине, бұрынғы заманмен (құлдық дәуір, феодализм, т.б.) салыстырғанда, әлем халқы айтарлықтай жетістікке жетті. Бірақ қоғамдағы проблемалар әлі шешімін таппай келуде. Олар:

**Бірінші заңдылық:** Вильфредо Пареттоның қоғамдағы табыс бөлінісі. Паретто қоғамдағы жалпы табыстың 80%-ы, халықтың 20%-на тиесілі екенін байқады. Табыстың осылай бөлінуі де, барлық қоғамға хас, қалыпты жағдай екенін баяндайды. Бұл заңдылыққа сүйене отырып, мынадай тұжырымға келуге болады: «Адам баласы бір-біріне мұқтаж жаратылған». Табыстың 80%-ын иемденуі, жалпы халықтың 80%-ның себепкерлігімен екені айтпаса да түсінікті. 20% адамның жетістікке жетуі, қоғамдағы жағдайды оңтайлы пайдаланып, табыс көзін тапқаны. Миллиардер Джек Ма бір сөзінде «Бұл қаржылар менікі емес, ол тек қана халықтың маған берген сенімі ғана» деп айтқан болатын. Демек, «адамның күні адаммен». Бір-біріне мұқтаж бола тұра, менмендікке бой алдырғандардың заңдылықтардан бейхабар болғаны.

**Екінші заңдылық:** Үш тап өкілдерінің ортақ табысы, бейбіт қоғамның бақыты. Иә, бұрында солай болған, қазір де күші жойылмады, болашақта да жойылмақ емес.

Батыс ғалымы Давид Рикардо жалпы қоғамды үш топқа бөліп қарастырды. Бірі – жер иелері, екіншісі – ақша мен капитал иелері, үшіншісі – жұмысшылар. Қысқаша, жер иелерін де “Капиталист” және “Жұмысшы” деп екіге бөліп сөзімізді жалғастырсақ. Әлемнің барлық елінде бұл екі топты Пареттоның заңдылығына сәйкес 20% капиталист, 80% жұмысшы деп алсақ болады, не болмаса кейбір мемлекеттің ішкі экономикалық жалпы жағдайына байланысты 5% капиталист және 95 пайыз жұмысшы, не болмаса 30 пайызға 70 пайыз деп бөліп қарастырсақ болады. Ал, жалпы әлем халқын



амалсыз үш топқа бөліп қарасытыруымыз керек-ақ. Жалпы шамамен 1 миллиард капиталист болса, 1 миллиард тоя тамақ жей алмайтын, жұмыссыз жандар бар және олардың саны күннен күнге артуда. Дүниежүзілік банктің (ДБ) кедейлік проблемасына арналған екі жылдық есебіне сәйкес, әлем халқының 46% немесе 3,4 млрд адам күніне 5,5 доллардан аз табысқа өмір сүреді екен.

Ал енді барлық тап өкілдерін бір арнаға салмақ болған коммунизм жүйесін жатқа білеміз, соңы немен аяқталғанын барлығымыз көрдік. Барлығын бай етемін деушілер де – біріншісінің синонимі. Бұл да, жоғарыда айтқанымдай, барлығын бір арнаға салып «бақытты етемін» деген жүйенің басқаша түрі, оның да соңы немен аяқталары айтпаса да түсінікті.

«Сонда не етпек керек?», «Капиталист болуға болмайды ма?», «Алға ұмтылмаймыз ба?» т.б. сұрақтар туындауы бек мүмкін. Бақытты қоғам болу үшін “ҮШ ТАП” (немесе екі тап) өкілі де бір-біріне көмекші, бір-бірінен бөлек ұша алмайтын қос қанат, бір-бірінен бөлек өмір сүре алмайтын қос жүрек іспетті болмақ керек. «Жұмысшы», «капиталист» деп емес, «әріптес» немесе «серіктес» деп іске көшу керек.

Бұл ойға келіспейтін кейбір жұмыр бастылар да кездесіп жатады, батыста да, шығыста да оларды бүгінде «мотиваторлар» деп атап жатады. Әрине, бәріне топырақ шашудан аулақпыз, дегенмен, кейбірі «егер бір адам кедей болса, өзі кінәлі», кейбірі «басқаға мұтаж болудан құтылмасаң, бақытсыз күй кешесің» және т.б. өзі дұрыс санайтын, бұрыс ойларын халықпен бөлісіп жатады. Бір адамның кедей болуы немесе басқаға мұқтаж болуына көптеген факторлардың әсер ететіні белгілі болса да, бұлардың барлығына бас қатырмай, қысқа қайыруға тырысады.

Ендеше, бір-бірімізге мұқтаж болмай өмір сүрдік делік, және бұл әлемнің барлық елінде де болып жатыр делік. Көз алдыңызға елестетіп көріңізші, мектеп қабырғасында жұмыс істейтін математика (қазақ тілі, тарих, әдебиет, физика, химия т.б.) пәні мұғалімі балаңыздың білім алуына мүдделі емес, өйткені, ол айлыққа мұқтаж емес. Сіздің балаңызға математика пәнін үйрететін ешкім

болмаған соң, балаңыз бір мен екіні қоса алмай өседі. Тіпті, тілді, мәдениетті, ғылымды біле алмай өседі. Мемлекет те, салыққа мұқтаж болмағандықтан, салық жинап оны дұрыс бағытта, елдің болашағы үшін жарату ойынан тайып, салық жинап та бас ауыртпайды. Жеке басының қамына көшеді. Сонда, «қарны тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын» демекші, білім мен ғылымнан жұрдай болған жұрт бұзылып, жарты ғасырға жетпей жоқ болады.

Қоғамның қай саласы болмасын, барлығымыз бір-бірімізге мұқтаж жаратылғанымыз ақиқат екен. Бір-бірінің мұқтаждығын қанағаттандыру жолында бірі сүрініп құлайды, бірі қайта тұрып алға ұмтылады. Бірі білгенімен бөліседі, бірі қаржысымен демеу болады. Бірі жұмыс орнын ашып, басқаларға жұмыс береді. Бір-біріне мұқтаж екенін түсінген жан, ешқашан менмендікке бой алдырмайды.

Жалпы, біздің көзқарас бойынша, қоғамда ешқандай тап өкілдері болмайды, тек бір-біріне қызмет жасайтын, қызметкерлер ғана болады. Егер, осы көзқараспен амал етер болсақ, капиталға ие болған жан тапқанын тиімді жұмсайды. Тапқанын халықтың оған табыстаған аманаты деп біледі. Ең бастысы, «тапқан табысым тек менікі» деп даңдайсымайды. Яғни, нағыз «қызметші жан» болады. Қоғамда мұндай ойдағы жандар көп болса, материалды теңсіздік қалыпты жағдай екенін түсініп, жалпы қоғам рухани теңдікке қол жеткізеді. Міне, бұл – қоғамның шынайы бақыты.

1 миллиард тоя тамақ жей алмай, жұмыссыз жүрген жандардың қамын капиталисттер ойламағанда, кім ойлайды? Бір қызығы, сол 1 миллиард адамның қарны тойса, немесе 3,4 млрд жанның жағдайы жақсарса, капиталисттің өнімін қолданбайды ма екен, сонда барлығына жақсы, барлығы бақытты болмайды ма екен. Мінекей, әр елдің капиталисттері өз елінен бастасын.

**Үшінші заңдылық:** Фридрих Листтің теориясына сәйкес, кәсіпкерлер екі топқа бөлінеді: бірі – өндіруші, ал екіншісі – саудагер. Саудагер қанша қасиетті саналса да, аларман рөлін сомдайтыны анық. Ал, сатарман болып саналатын өндіруші әрқашан ұтыста,



тәуелсіз, тұрақты дамидыны ақиқат. Жоғарыда айтып өткен үш тап заңдылығын тиімді қолдана білген елдің бірі – Қытай. Сөзсіз, еркін сауда қазірде Қытай үшін таптырмас тәсіл болып алды. Тауарларын үш топқа бөліп (低端 [dīduān] төмен сапа, 中端 [zhōngduān] орта сапа, 高端 [gāoduān] жоғарғы сапа), қоғамның үш табына еркін үлестіруде. Қоғамның барлық азаматарына ұтымды бағаға сәйкес, тиімді сапа ұсынды. Осылайша әлемнің барлық жерінде, қытай тауарлары еркін сатылуда. Қытайды әмбебап дүкен деп есептесек, бекіткен бағалары қоғамның барлық тап өкілдеріне тиімді етіп қойылған. Демек, өндіріс саласында болсаңыз, қоғамның барлық өкілдерінің қалтасы көтеретін баға мен сапа болуы керек.

Тауарды үш топқа бөле алу үшін де, ең алдымен, өндіруші болу керек-ақ. Өндіруші болған мемлекет қана қоғамның беталысын, қажеттіліктерін біле алады, ал, сатушы – алыпсатар, делдалдың рөлін сомдап жүрген елдер, алған бағасына үстемелеп, пайыз қойып қана табысқа жете алады. Алайда, көп жағдайда өндірушінің қойған бағасына тәуелді болып, саудасы тұрақты болмайды. Тұрақты даму үшін де, Фридрих Листтің теориясын, Қытай тәжірибесін қолдана білу керек. Өндіруші елдің ғана ертеңі жарқын болмақ.

**Төртінші заңдылық:** Соңғы меже – БРЕНД. Жоспарлы экономика болса да, нарықтық экономика болса да, екеуінің де қозғаушы күші – сауда. Алғашқысында қысым болса да, сауда бәрібір жасалады, ал, екіншісінде барлығы еркін.

Нарықтық жүйе өте күрделі, сауда жолдары орасан. Кедей немесе дамушы елдерде тауар бағасы арзан, қолдануға жарамды болса болғаны, сапаға қатты мән бере бермейді. Бірақ, қоғам дамыған сайын сапаға мән бере бастайды, «арзан тауар болса болды» емес, сапа керек. Дегенмен, бұл да адамның қалауының соңы емес екен. Ең соңғы меже бренд екен. Себебі, бренд – сізге ғана тиесілі меншігіңіз, атыңызға сын тисе, ауыстырып қоя алмайсыз. Абыройыңызды сақтау үшін барыңызды саласыз, өз брендіңізді көздің қарашығындай қорғайсыз, ал, адам баласы брендтен соң тағы басқа брендке ғана жүгіне алады. Яғни, саудамен айналысып жатқандардың барлығы «ертеңім жарық болсын» десе, брендін

мықтылау керек.

Брендке ие болған жанның қоғамдық ортаны, халықтың орта табысын жақсы білуі шарт. Сапа мен баға жолдас келері сөзсіз. Алайда, қоғамдық орта кедей болса, онда затыңыз арзан, қолдануға жарамды болса болғаны. Ал, қоғамдық орта дамушы болса, онда сапа мен бағасы қымбат болмаса болғаны. Дамыған орта болса бренд керек, сапа керек (әрине, кедей немесе дамушы елдерде де қалтасы қалың азаматтар сапаға қатты мән береді, дегенмен, ондай азаматтар азшылық болған соң, көпшіліктің қалауын қанағаттандыру мақсатында жасалған кез-келген іс сәтті болары ақиқат).

Қоғам болғасын үшеуі қатарлас жүреді (үш тап). Дегенмен, жалпы қоғаммен жұмыс жасасаңыз, әрқашан ұтыста боласыз.

**Бесінші заңдылық:** Жұмыскерді сақтай білу. Өз брендіңізді құрып, үлкен нарыққа жол тартсаңыз, сізге дұрыс адамдарды жұмысқа алу қажет. Ал, дұрыс адамдарды, өз ісінің мамандарын сол жұмыс орнында сақтай білу үшін кесімді жүйе керек. Адамның жаратылысына хас дүниелерді жүйеңізге енгізсеңіз, өрісіңіз кең болады.

Жұмыскерді сақтай білу үшін:

1. Қызметкер еркін ойлай білуі керек.
2. «Басшы, қызметкер» деп бөліп жармай, қызметкеріңізге әріптес, тіпті, серіктес ретінде қарауыңыз керек.
3. Компанияның ұзақ жылдық жоспарын әріптестеріңізбен бөлісуіңіз керек.

**Алтыншы заңдылық:** Материалды теңсіздік, рухани теңдік. Әрбір қоғам даму жолында көптеген саяси, экономикалық жүйелерді қолданып, бағытын түзеуге тырысады, қандай «...измдерді» (капитализм, социализм, феодализм, т.б.) қолданса да, қоғамда тұрақтылық пен даму орната алмай дал болуда. Өзгермейтін заңдылықты жоймақ болған кейбір елдер материалдық теңдік орнататын деп қанша тырысса да, мақсатына жете алмай, жарты жолда қалып қойды.

Материалды теңсіздік адам баласын шыңдайды. Қоғам әрқа-



шан дамуда болады, өйткені, кез-келген даму мұқтаждықтан туындайды. Бір-біріне мұқтаж болған екі жақ, бір-біріне тәуелді болып, екеуара теңдік болады. Мұқтаждықтан туындаған теңдік бола тұра, екеуара теңсіз болса, бұл құлдыраудың бастапқы сәті болмақ. Ал, егер кез-келген қоғамда бір-біріне деген тәуелділік болмаса, онда даму болмайды. Даму болмаса қоғам бұзылып, нәпсісінің етегінде кетуі бек мүмкін.

Қазіргі кезде біз бен сіз көріп жүрген материалдық теңсіздіктің салдарынан, күн санап артып келе жатқан наразылықтар бізді терең ойлануға мәжбүрлейді. Сонда, қарапайым сұрақтар туындайды: «егер материалдық теңсіздік болмаса, онда теңдік керек пе?», «ал теңдік болса, қоғамда құлдырау пайда болмайды ма?». Мұндай сұрақтар қойылып жатыр, қойыла да береді. Ал, мұның шешімі рухани теңдікте жатыр.

«Рухани теңдік» деп кез-келген қоғам мүшесінің көңіл тоқтығын айтамыз. Материалдық өлшеммен емес, қарапайым адам ретінде өзгелердің өзіне деген құрметін айтамыз, мұндай деңгейге жеткен қоғам әрқашан дамуда болатыны белгілі. Рухани теңдікке жету үшін, ең бірінші, әділетті болмақ керек, аманатқа қианат жасалмауы керек. Сонда ғана қоғамның әрбір мүшесі тапқанын тиімді жұмсап, қоғам дамымақ.

Мінекей осы заңдылықтарды жақсы білген жандар, әр қадамын жеті өлшеп бір кесер деп ойлаймын. Өйткені, барлық уақытта ұтыста болу – қиынның-қиыны. Жалпы, Қытайдың мұншама қысқа уақытта жетістікке жетуінің себептері өте көп екені белгілі, дегенмен, заңдылықтар өзгермейді. Қытай осы заңдылықтардың бірнешесін өз пайдасына дұрыс қолдана білген.

## Бизнестің жауы – инфляция

Қазірде ақша мен инфляция теңдей ұғымға, егіз досқа айналды. Бір-бірінсіз күн кеше алмастай болды. Енді «неге?» деп көпшілік сұрақ қойып, жауап іздеуде. Экономиканы ақтарып, кітаптарды қопарсаңыз, жауабын табатыныңыз белгілі. Ендеше, қысқа ертегімен болса да, сұраққа жауап іздеп көрелік.

Ертеде үш дос, үш түрлі жеміс өсіріп бір-бірімен алыс-беріс жасаған екен. Алма өсірген қауынға алмастырып, қауын еккен қарбызға алмастырып, айналым үшеуінің арасында жүріп жатты. Бірақ, басқа да көрші ауылдар бар еді. Қауын еккен қарбыз емес сәбіз жегісі келген екен. Сөйтіп, қауын еккен қауынын артып, көрші ауылға аттанды. Бірақ өкінішке орай, көрші ауылдағы сәбіз еккен қауынға алмастырғысы келмеді. Сөйтсе, ол қарбыз жегісі келіп тұр екен. Қалай жасамақ? Ауыл арасы алыс, барып қайту, қауынын қарбызға алмастыру керек, оны қайтып алып келу керек, т.б. себептермен қауын еккен көп ойланып, ұзақ толғанды. Сонда кенеттен қауын еккеннің ойына тамаша ой келді. «Қоғамда өте сирек кездесетін затты ортақ ақша етіп, қалағанымызды алсақ болады. Ол құнды затты иелену үшін, барлығымыз еңбек етсек болады», - деп, егін еккен кәсіпкерлермен өз ойымен бөлісті. Кәсіпкерлер бір ауыздан келісті де кетті. Сауда оңай болу үшін бастапқыда темірді ақша етіп қолданған көрінеді. Темір құнды зат болғандықтан, оны тауып, жерді қазып өндіріп жатты. Алайда құнды зат болса да, қоғамда темір көбейіп кетті де құнсызданды. Тауардан көп болған соң темірдің инфляциясы басталып, құнсыз затқа айналды. Сөйтіп, қоғам құнды зат деп мысқа өтті, ол да ұзаққа созылмады. Ең соңы алтынға келіп тірелді, ежелден бүгінге дейін алтын күшін жоймай инфляцияға жау, тұрақты экономиканың досы болып келді. Солай бола береді де. Алтын қоғамда кеңінен таралды, саудаға тиімді болды. Мың жылдап күшін жоймады және жоймайды да.

**Түсініктеме:** *Әдетте ақшаның екі түрі болады, бірі – нақты ақша, ал екіншісі – сол ақшаның баламасы. Бірін-*



шісінде, өзінің құнын білдіретін белгісі бар зат, мейлі ол қағаз болсын, мейлі металл болсын. Екіншісі – нақты зат. Қолайлы және сирек кездесетін зат қана ақша қызметін атқара алады. Ал, 1971 (АҚШ президенті Ричард Никсонның 1971 жылғы мәлімдемесінен соң алтынға балама ретінде қолданған доллар өз күшін жойды) жылдан бастап, бұл үрдіс уақытша болса да тоқтады. Қазірде адамзаттың еңбегін бір күнде аяққа таптайтын «инфляция» дейтін ата жауы бар. Бұлай дейтін себебіміз, қағаз ақша табуға оңай, басуға қолайлы зат болып саналады. Ал, ақша тұрақты болуы үшін, әрқашан сұранысқа ие болуы керек екені белгілі. Долларға деген сұраныстың жоғары болуы оның экономикасы, технологиясы, ғылым-білімі, алтын қорының көп болуы, мәдениеті, саясаты (демократия) әрқашан алдыда.

Алтын саудаға қанша тиімді болса да, тасып жүру, өзімен алып жүру тиімсіз болды. Өйткені, аш қасқырдай қарақшылар керуенді тонап, кәсіпкерлердің мазасын алатын. Жеке тұлғаларға да тиімсіз еді, себебі, қалтаға салса білініп, белге байласа көрініп, басқаның көзіне түсетін. Мұны білген үш дос бірінші бағытын өзгертті. Үшеуі келісіп, зергер орталығын ашып, алтын сақтау орнына айналдырды. Кәсіпкерлер өз алтынын зергердің қоймасында сақтап, орнына «аманат» анықтамасын алатын. Сол анықтамамен саудасын бұрынғыша жүргізе алатын. Өйткені, қағаз анықтамасы қолайлы болды, алтынды ары-бері тасып машақаттанбайтын болды.

**Түсініктеме:** Қытай деректеріне сенсек, Жиаозы (交子 [jiāo zǐ]) 1023 жылы шығарыла бастаған қытайдағы ең көне қағаз ақшасы, және әлемдегі ең алғашқы қолданылған қағаз валютасы болып саналады. Соң мен Жин әулеттерінің қолданылған банкноттарының бірі.

Сычуан аумағында ақша ретінде мыс қолданылған болатын, тиының көлемі кіші, салмағы жеңіл болса да, 1000



*мыс тиынның салмағы 15 кг болатын, кішкене қапшыққа салсаңыз, салмағы 30-40 кг болып тасымалдауға, ақша айналымына өте ыңғайсыз болды. Сондықтан, саудагерлер мыс тиындарының орнына Жиаозы деп аталатын қағаз ақша шығарған болатын. Тиынды Жиаозыға айырбастау кезінде 30 тиын алынды. Чыңду қаласындағы 16 ірі кәсіпкер мыс тиындарды Жиаозыға алмастыру дүкенін ашып, үлкен көлемдегі ақшаны көтере алмайтын саудагерлерге кассалық қызмет көрсетті.*

Алтын жүйесі барлығының көңілінен шығып қоғам тұрақты дамыды. Алтынның мұндай дәрежеге көтерілуі оның сирек кездесетіндігінде еді. Бұл жүйе барлығына ұнады, себебі, алтынды сақтау құны арзан болатын, қағаз жеңіл және қолайлы болды. Алайда, бақытты күндер ұзаққа созылмады. Үш дос бір-бірімен ақылдаса келе, мынадай шешім қабылдады: «Аманат анықтамаса біздің қолда, өзіміз басып дүние жинасақ, байлығымызды еселесек, кім біліп жатыр дейсің, қоймада қанша алтын барын?» деп, жалған қағаз ақша басатын болып шешілді. Бастапқыда барлығы дұрыс көрінді, дүниелерін жинады, бірақ қоғамда қағаз ақша (аманат анықтамаса) көбейе бастады. Қағаз құны төмендей түсіп, мұны сезген алтын иегерлері өз алтындарын алуға көшті. Барлығы алтынын алуға бір уақытта зергердің қоймасының алдына жиналып өз алтындарын беруді талап етті. Зергерлер өздерінің ойларының дұрыс еместігін жақсы білетін. Құпиялары әшкере болған соң, барлығы қашып жоқ болды. Халық алданды. Халық арасында дабыра болса да, қоғам қайта қалыпқа түсіп, әділ жұмыс істей бастады. Басқа да зергерлер тек алтын сақтау ақысын ғана алып жатты. Барлық нарық бірте-бірте қағаз ақшаға ауысып, қағаз ақша алтынға байланып сауда әділ жүре бастады. Қаласаңыз, алтыныңызды алып, қаласаңыз, қағаз ақшамен сауда жасау өз еркіңізде болды.

Тағы да бақытты күндер ұзаққа созылмады. Қашып құтылған зергерлер тағы да өз әрекетіне көшті. Бірі басқа қалаға барса, бірі мемлекет асып банктерін аша бастады. Өз жүрген жерінде бірінші



ақша басу құқығына ие болды. Алғашқыда алтынға балама ретінде қағаз ақша басу құқығына ие болды, нарықты жаулап алған соң, соңында алтыннан ақшаны айырды. Қолыңыздағы қағаз ақшаға тек жаңа қағаз ақша алмастыратын заң шығарып, алтынды нарықтан шығарып, қағаз ақшаны қалағанынша басып инфляция жасап, ескі зергердің жасағанын қайталады. Бүкіл әлем осы жүйенің қасіретін бүгінде көріп келеді.

## Менеджменттің майталманы болыңыз

Қанша кітапты қопарсаңыз да, қарапайым заңдылықтар орындаасаңыз жеткілікті. Барлық адамзат өзінің қабілеттерін дамыту үстінде болады. Әрине, барлығыңызға белгілі IQ (ақыл-ой) және EQ (эмоционалды интеллект) қабілеті. Бұл тұжырымдама соңғы бірнеше жыл ішінде менеджмент шеңберлерінде сәнге айналғаны белгілі. Бұл екі қабілетті бойына сіңірген жан жетістікке жетеді екен. Дегенмен Джек Маның пікірінше, «LQ» (love quotient) сіз жасаған IQ мен EQ сізді жетістікке жеткізсе де қысқа және мәрдымсыз болмақ. Өйткені, LQ ең ұтымды шешім, онсыз ешқандай компания да, жеке тұлға да мақсатына жете алмас. Барлық іс өзгелерге деген құрметпен, сүйіспеншілік, адамгершілік, махаббатпен жасалмаса, онда азға қанағат етуден басқа жол жоқ. Шынында адамның күні адаммен, ал адам баласының ең қастерлейтін, басқалардан күтетіні достық, бауырмалдылық, адамгершілік, т.б. қасиеттер екені белгілі. LQ деп жатқанымыз да – сол ұғым. Онсыз өрісіңіз тарыла бермек.

Тек бір-біріне қызмет жасайтын, қызметкерлер, серіктестер ғана болады. Кез-келген бизнесте жетістікке жету үшін, басшының қызметкерлерімен тең дәрежеде болғаны дұрыс. Басшы сондай орта қалыптастыра білсе, өрісі кеңейе береді.

Алайда қоғамда әр түрлі ортада өскен, сан түрлі тәрбие көрген адамның болатыны белгілі. Кейбірі ашуға тез берілсе, кейбірі сабырлы, бірі жүас болса, бірі пысық, бірі жалғыз және тыныш орында жұмыс жасағанға машық болса, бірі ұжымда жұмыс жасағанды қалайды. Егер ұжыммен жұмыс жасай алмасаңыз, қамықпаңыз, сізге инвестор болып, менеджментті өз маманына тапсырсаңыз, акционер болып, жырақтан бақыласаңыз болғаны.



## Қытай іскерлік мәдениетінің негізгі элементтері

Әрине, бұл өте ауқымды тақырып, себебі, қытай халқының саны 1 миллиардтан астам. Әр адамның өзіне тән ерекшелігі, түсінігі мен сенімі болары ақиқат. Дегенмен, қысқа болса да, тақырыпты ашып көрелік.

Соңғы жылдары Қытай әлемдік экономикадағы орнын айтарлықтай нығайтты. Қытайдың жетістіктері біздер үшін шығыс іскерлік этикетінің ерекшеліктерін тереңірек зерттеуге мәжбүр етеді. Сәйкесінше, Қытай кәсіпкерлері де шетел және еуропалық этикет нормаларына бейімделуге тырысуда. Әрине, мемлекетаралық байланыс, жаһандану үдерісі, халықтар мен ұлттар арасындағы қарым-қатынас күн санап артып келеді. Бір-бірін түсінісу бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл болды. Алайда, мемлекеттің жалпы саяси және экономикалық бағыты, адам психологиясына әсер етпей қоймайды. Қытай ішкі нарығында батыс мәдениеті кеңінен үгіттелмесе де, барлық білім беру орталықтарында батыстың білім-ғылым жүйесін толығымен болмаса да, көп бөлігін қызмет көрсету секторында айтарлықтай қолданып келеді. Қытаймен сауда жасау барысында қандай жағдайларға мән берген дұрыс екеніне тоқтала кетсек.

面子 [miànzi] (адам жүзі) бет. Қазақ тілінде де, осы мағына айтарлықтай көп қолданылады. Мысалы: «бетсіз» деп ұяты, адамгершілігі жоқ адамды айтамыз. Қытайлар басқалар оларды құрметтеген жағдайда «бет-әлпетке» ие болса, бірақ олар көпшілік алдында ұятқа қалған кезде «бет-әлпетін жоғалтуы» мүмкін. Сондықтан, абыройын сақтау үшін қытайлықтар бар күшін салады. Олар жанама түрде ниет білдіруді және жеке келіссөздер үшін орын қалдыруды қалайды. Қытайлықтар «жоқ» дегенге балама теріс жауаптар сирек береді. Өтінішке ашық түрде «жоқ» деп жауап берудің орнына, қытайлықтар көбінесе «不方便» (ыңғайсыз) немесе «有一些困难» (қиындау) сияқты сөз тіркестерін қолданады. Егер, сіз «неліктен ыңғайсыз?» деп сұрасаңыз, сіз әңгімені ыңғайсыз жағдайға

әкеп соқтыруыңыз мүмкін.

关系 [guānxi] байланыс, қарым-қатынас. «Гуанси» сөзбе-сөз «тұлғааралық байланыстарды» және «екі адамның арасындағы бейресми келісімшарт байланысын» білдіреді. Гуанси Қытай қоғамында кең таралған. Қазіргі уақытта оның қолданысы әдеттегідей қоңыраулар немесе тікелей байланыстар арқылы жүзеге асады, көбінесе бейресми дастархан бастарында байланыс орнатқанды құп көреді. Өйткені, бұл бизнес мүмкіндіктерін қамтамасыз етуде көп уақытты үнемдеуі, сонымен қоса, бір-біріне деген сенімділікке қол жеткізуі мүмкін. Гуансидің ең маңызды тұсы – келісімшарт жасасу барысында уақыт пен шығындарды үнемдеуі, қосымша ақпарат алуы, тезірек сенімділікті арттыруы және т.б. сияқты көптеген қолайлылықтардың пайда болуы. Мұндай байланыстарға отбасы, достар, сондай-ақ, әріптестер, іскер әріптестер, сыныптастар, мұғалімдер, студенттер және т.б. кіруі мүмкін.

Алайда, Гуансидің екі түрі бар екенін ескеру қажет. Біріншісі, жақын адамдар арасында, яғни, жақын отбасы мүшелері, ұзақ достар арасында. Гуансидің екінші түрі, әдетте іскери ортада кездеседі, бұған белгілі бір мақсатқа немесе қалаған нәтижеге қол жеткізу үшін, өздерінің жақын шеңберінен тыс басқа адамдармен құрылатын байланыстар жатады. Қытайлықтар «жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі» екенін жақсы біледі. Іс-сапармен Қытайда болсаңыз, өзара жағымды пікір алмасаңыз немесе жақсылыққа жақсылық қайтару арқылы мақсатыңызға жетуге тырысыңыз. Егер, сіз мұны жасай алмасаңыз, онда Гуанси жойылып, келісімшарт жасаса алмай қалуыңыз бек мүмкін. Мемлекеттік және іскерлік салаларда байланыс құруға бел бусаңыз, дастархан басында айтарлықтай уақыт пен күш жұмсауға дайын болыңыз. Саяси тақырыптардан аулақ болыңыз, қытайлықтар бұл тақырыпта сөз қозғағанды ұната бермейді.

**Сыйлықтар алмасу.** Сыйлық беру немесе айырбастау – бұл сіздің ізгі ниетіңізді көрсетудің кең тараған тәсілі. Қандай келіссөз болмасын, бір-бірімен сыйлық алмасу – әдеттегі жағдай, ал, бас тарту әдепсіздік болып табылады. Қытайдың коммунисттік парти-



ясының төрағасы Си Цзиньпин билікке келгеннен соң, ол сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды үкіметтің басты тақырыбына айналдырды. Бұл саясаттың әсерін қоғамның барлық деңгейлерінде көруге болады. Әсіресе, коммерциялық кәсіпорындарда да, барлық деңгейдегі үкіметтік ұйымдарда да, жауапқа тартылудан қорқу бар. Осының салдарынан сыйлық беру – бір қарағанда құрмет болса, екінші жағынан сыбайлас жемқорлық іспетті көзқарас қалыптасып келуде. Жалпы қымбат бағалы сыйлықтар емес, ақшалай құндылығы төмен және символдық сыйлықтар беруге кеңес беріледі.

## Өндіруші іздеу

Қытай нарығы өте үлкен, бәсекелестік орасан зор екені белгілі, бір салада еңбек етіп жатқан компаниялар саны мыңнан асып жығылуы бек мүмкін. Барлығы дерлік өндіруші болса, сізге таңдау қиынға соғады, сонда қандай тәсіл қолданған абзал соған тоқталсақ.

Алдымен, мына сайттарды білген дұрыс: ең алдымен Қытайдың Google-ы саналатын Baidu.com-ды білу керек. Себебі кейбір алып компаниялар сіз білетін alibaba.com, 1688.com, made-in-china.com, т.б. сайттарда өзінің дүкені болмауы мүмкін, сол себепті Baidu арқылы іздестіруден бастағаныңыз дұрыс. Содан соң, әрине, alibaba.com, 1688.com, made-in-china.com арқылы іздестіруге болады. Барлығы өндіруші болса да, бағалары әртүрлі болуы мүмкін. Арзан баға мен тиімді сапаға қол жеткізу үшін, сізге ұнаған кемі он өндірушімен сөйлесіп көріңіз, солардың ішінен өзіңізге ұнағанын таңдап, тапсырыс бергелі жатқан тауарыңыздың үлгісін жасатып, өзіңізге жеткізуін сұраңыз.



## Алаяқтарға алданбас үшін

Алаяқтық адамдар алғашқы сауда операцияларын бастаған кезде-ақ пайда болды. Адамдар алғашқыда бір-бірімен тауарлар алмасты, содан-соң қымбат металдар ақшаға балама болды. Ал, ақшаның өзі пайда болған кезде, бұл алаяқтыққа жаңа серпін берді. Себебі, жасанды ақша жасау, негізгі метал саналатын алтын мен күміске басқа металдарды араластыру, сонымен қатар, тиынның салмағын азайту және т.б. тәсілдерді алаяқтар қолданып келді. Қандай заман болмасын алаяқтар технологиялық дамуға ілесіп отырды. Интернет дамыған бұл заманда, қағаз ақшаның жыры басылмай жатып, шекара танымайтын электрондық төлемдер (виртуалды ақша) қызмет түрлері мемлекеттердің шекарасынан оңай асып өтті. Бұл дәуірде де, алаяқтар өз жұмысын тоқтатқан емес. Заман талабына сай пайда табуды жалғастыруда.

Табысын адал тауып жүргендер де көптеп кездеседі, сонымен қатар, жеңіл табысты көздеп, басқаның аманатын таптайтындар да жоқ емес, абай болмақ керек. Қазірде барлығы интернет арқылы өз саудасын жасап, онлайн арқылы бірін-бірі тапқан өндіруші мен сатушы, барынша шығынды азайтып, екіжақты табысқа кенеліп келеді. Келісімшарттың жеңіл түрі болып саналатын PI (proforma invoice, ал қытайшасы 形式发票 немесе 发货清单 қысқасы 发票) анықтамасы арқылы бір-біріне сенім орнап, екі жақ та бір-біріне еркін ақша аударып қажетін қанағаттандыруда. Бұл әлемнің барлық еліне хас дүние. Келешекте бұл үрдіс жалғаса бермек, «ертеңім жарқын болсын» деген кез-келген компания Ecommerce-ті (электрондық коммерция) барынша жетілдіруі керек. Ecommerce-тің ұтымды тұстары көптеп саналады, солардың ең алдында – өндіруші мен тұтынушыны тікелей байланыстыруы жатыр. Алайда, қанша мақтасақ та, бұл жүйенің де өзіндік проблемалары да жетерлік. Жалпы, Қытаймен саудада алаяқтарға алданбас үшін, қандай нәрселерге маңыз аударған жөн, саралайық.

Сауда барысында алаяқтарға алданбас үшін көптеген мағлұматтарды алдын ала білген дұрыс.





**Компанияның құрылған уақыты:** Егер компанияның құрылған уақыты бірнеше жылды көрсетіп тұрған болса, онда сенуге болады, бірақ, сондада әр жылы тексеруден (企业年报 [qǐyèniánbào] кәсіпорынның жылдық есептемесі ) өткен бе, жоқ па тексеру керек. Сонымен қоса Registration certificate (营业执照 yíngyè zhízhào) және Export license (出口许可证 chūkǒu xǔkězhèng) болғаны дұрыс. Ал егер жақында ашылған болса, онда сақ болыңыз. Әрине, жаңадан кәсіп ашып жұмысын жүргізбек болған компания болып жатса, ниеті түзу, адал жұмыс жасап нәпақасын тапқысы келген болса әрине құба-құп.

**Компания басшысының аты жөні:** Келісім шартқа қол қою құқығына ие компания басшысының қолы келісім шарттарға адамның атына сәйкес келуі шарт. Ақша аудару барысында да, адамның атына назар аударыңыз.

Компания басшысының аты жөні болсын, жалпы компания жайлы ақпаратты 企查查 (qcc.com), 全国组织机构代码统一社会信用代码 (www.cods.org.cn), www.gsxt.gov.cn, 启信宝企业查询, 天眼查 т.б. қосымшаларды жүктеп алып, бірыңғай әлеуметтік несие коды (统一社会信用代码, ағылшынша Uniform social credit code) арқылы іздесеңіз болады.

**Компанияның мекен-жайы:** Жылдық есеп бойынша кез-келген компанияның кеңсе мекен-жайы беріледі, сол мекен-жаймен келісім шарттағы мекен-жайы сәйкес келуі керек.

Компанияның айналысып жатқан саласы: Егер, сіз алып жатқан затпен компанияның тіркелген уақытындағы зат бірдей болмаса, онда сақ болыңыз. Кейде бір компания өз кәсіпорнын ашып ресми тіркеген уақытында бір саланы көрсетіп (мыс.: жеміс жидек, жылдам тағам жеткізу), ал, сізге киім сатып жатса, онда мұқияттылық сақтаңыз.

**Жарғылық капиталы:** Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталы төмен болып, сізбен жасамақ болған келісім шарттағы тауардың жалпы құны жоғары болса да, сақтаныңыз.



Жарғылық капиталы барынша жоғары болуы керек, соған назар аударыңыз.

**Компанияның қазіргі жағдайы:** Компанияның қазіргі кезде заңды жұмыс жасап жатқанын білу керек. Мүмкін сіз ең соңғы клиентісіз, мүмкін компания жабылып қалған, алдын ала ақпарат алыңыз.

**Компанияның сайты:** Алаяқтар бұл тұста өте шебер болып алды, сіз сену үшін барлығын барынша көркемдеп, көздің жауын алатындай етіп әсемдеп, барлығын қармаққа қашан түседі екен деп күтіп отырады. Алданбас үшін Қытаймен саудада екі алыпты білмек керек, бірі [www.alibaba.com](http://www.alibaba.com) болса, ал екіншісі [www.made-in-china.com](http://www.made-in-china.com). Осы сайттар арқылы керек затыңызды тауып іске көшсеңіз болады. Бұл сайттар арқылы жұмыс жасау сізге аз да болса сенімділік береді. [www.alibaba.com](http://www.alibaba.com)-ғы Assessed Supplier сізге шынайы өндірушіні табуға көмектеседі, сондай-ақ, компанияның жеке сайты, ондағы телефон нөмірі, email адрес, мекен-жайы көрсетіледі, солардың барлығын тексеріп салыстырып көру керек.

**Іс қозғалмағанын білген дұрыс:** Мүмкіншілік болып жатса, компания басшысына немесе компанияға іс қозғалған-қозғалмағанын білген дұрыс.

**Wechat арқылы сауда:** Қытайда саудамен айналысатын барлық компания болсын, жеке тұлға болсын вичатты қолданатыны белгілі. Вичат саудаға өте қолайлы, қалағаныңызды сонда саудаласып, тез арада ақша аударып, кәсіпкерлікпен айналыссаңыз болады. Алайда, сақ болғаныңыз дұрыс, аккаунтын бүгін ашып, ертең жабатындар да көптеп кездеседі.

**Шақырту анықтамасын алу:** Қытайға барып зауытты өз көзіңізбен көргіңіз келетінін айтып, визаға ресми шақырту анықтамасын сұраңыз. Ауқымды кәсіпорын болса, оларда дайын құжат болуы керек.

**Жалған зауыт:** Алаяқтың ірілері осында, мұнда алаяқты білу, тану өте қиын. Себебі, алаяқтар қаланың іскери ауданында кеңсе жалдайды, сізді жиналысқа шақырады, зауытқа апарады (алаяқтар зауыттың нақты иелеріне, сізді тапсырыс берушілер ретінде ұсынады). Олар экскурсия жүргізеді, келісімшартқа отырады, сізді құрметтейді, олар сізге жеңілдік беріп, тіпті мейрамханаға апарады. Сіз екі жақты табысқа кеңелдім деп ойлап елге ораласыз, ал шын мәнінде алаяқ сізді алдаған болады, ал, зауыт иелері алаяқтың мұндай ісінен бейхабар болады.

Мұндай алаяқтарға алданбас үшін, жоғарыдағы шарттарды бұлжытпай орындаған дұрыс, сонымен қатар, компания жайлы салықты тіркеу (税务登记表 shuìwù dēngjì biǎo), кәсіпорын жарғысы (公司章程 gōngsī zhāngchéng) туралы мәлімет алған абзал.

www.firetrust.com және whois.com арқылы іздеу. Егер, сіздің іздеген компанияңыз www.firetrust.com тізімде болса, онда мұқияттылық сақтаңыз. Ал, whois.com арқылы доменнің құрылған уақытын тексеруге болады, егер ашылғанына аз ғана уақыт болса, онда сақтаныңыз. Әрине, жоғарыдағы сайттар әлемдік нарыққа тиімді, Қытай нарығындағы көп ақпарат ілініп жатпайды, сол себепті, Қытайдағы компания жайлы барлық ақпаратты企查查 (qcc.com), 启信宝企业查询, 天眼查 секілді қосымшаларды жүктеп алып тексеріп, сәйкестендіріп көріңіз.

**Ақша аудару:** Егер, сізге Western Union арқылы ақша аударуды өтінсе, абайлаңыз, өйткені, бұл жүйе ақшаны жеке тұлғаға аударуға арналған. Ең дұрысы – банк реквизиті арқылы аударым жасау.

Криптовалюталар (加密货币 Cryptocurrency) бір қарағанда, өз иелеріне толықтай еркіндік береді, себебі, ақша аударымы комиссиясыз және шектеусіз жүзеге асырылады. Дегенмен, әлемде рейтингі соңғы орында екенін ұмытпаған жөн. Мемлекет танымайтын бұл аударым жүйесі тұрақсыз, тіпті, нақты мәртебеге де ие емес. Қытай Ұлттық Банкінің пікірі бойынша, биткоин (比特币 Bitcoin) ресми қаржы институтының валютасы емес, басқаша айтқанда, ол толық бақыланбайды және нақты валюта ретінде қарастырыла алмайды. Bitcoin виртуалды тауардың бір түрі болып табылады



және қиындық туындағанда, пайдаланушылар бүкіл тәуекелді өз мойнына алады. Қазіргі уақытта ешбір мемлекет биткоинге нақты валюта мәртебесін берген жоқ. Барынша сақ болған дұрыс. Пирамидаға ұқсайтын бұл жүйе соңында пирамида басындағылар табыс тауып, астындағылар бармақ тістеп қалуы бек мүмкін.

**Қытай және ағылшын атауы:** Компанияның қытай ішкі нарығындағы қолданылатын атауы, ағылшын тіліндегі атауымен бірдей болуы керек. Егер, аталмыш компания Қытай нарығында өзіндік тарихы мен абыройы болса, онда сенуге болады. Кейде тек сыртқы нарыққа арналған өндіруші болуы мүмкін, әрине барлығына топырақ шашпаймыз, тек сыртқы нарыққа арналған, ішкі нарықта кездеспейтін, аты жоқ компания болса, сақ болғаныңыз жөн.

**Google.com және Baidu.com арқылы іздеу:** Кез-келген компанияны іздеп тауып, тексеру осы екі сайт арқылы жүзеге асады. Қытайша атауын білсеңіз өте оңай мағлұмат ала аласыз, Baidu.com-ға немесе барлығын білгіш baike.baidu.com-ға қытайша атауын жазсаңыз, сізге компания жайлы барлық ақпаратты шығарып береді. Әрине, бұл ақпараттарды baike.baidu.com мемлекеттік www.gsxt.gov.cn (国家企业信用信息公示系统 National enterprise credit information publicity system) сайтынан алатыны белгілі, сонда да, baike.baidu.com-да өте жылдам таба аласыз. Мұнымен әлі аяқталмады, егер, әлде де компания жайлы қосымша ақпараттар алғыңыз келсе, онда xin.baidu.com (企业信用enterprise credit) компания атын жазсаңыз, барлық мағлұматты ала аласыз. Сәйкесінше, APP-ларда жоқ емес, бірнешесін атап өтсек: 天眼查, 启信宝, 企业查询宝, 企查查.

**Сыртқы нарық пен Ішкі нарық:** Бұл тұста Қытайда бәсекелесі жоқ Alibaba-ны мысал келтіреміз. Қытай ішкі нарығы сыртқы нарыққа қарағанда, әлдеқайда қауіпсіз келеді. Ішкі нарықта интернет арқылы сауда taobao.com (бөлшектеп сатуға арналған) және 1688.com (көтерме бағамен сатуға арналған) арқылы жүргізіледі,

мұнда көп жағдайда ұтылмайсыз, алған затыңыз қолыңызға тиген соң ғана ақша толық сатушыға аударылады. Оған дейін сіз ақшаны жеткізушінің (сатушы немесе өндіруші) шотына емес, alipay жүйесінің балансына жібересіз, содан кейін сатушы тапсырыс дайындайды және жібереді. Егер, өнім сізге толығымен ұнаса, сіз оны веб-сайтта растағаннан соң ғана, теңгерімдегі ақша автоматты түрде сатушының шотына аударылады. Растауды ұмыт қалдырсаңыз, онда екі апта көлемінде ақша автоматты түрде өндірушіге аударылады. Ал, сізде өнімге қатысты шағымдар болса, сайттың қолдау қызметіне хабарласып, проблеманы шешуге болады немесе тікелей өндірушіге хабарласып мән жайды түсіндіресіз. Жағдай анықталмайынша, ақша жүйенің балансында қалады. Бұл аралық тауарды алушыға жіберген күннен бастап, екі аптаға дейін созылады, тіпті, уақытын ұзартуыңызға да болады. Мерзімі жеткен соң ақша сатушыға аударылады, келісім шарт сол жерде аяқталған болып есептеледі. Бірақ, екі аптадан соң алған затыңызда проблема байқалса, сіз себебін айтып, ақшаны қайтаруды өтінсеңіз болады, ол да сол сайтта жүйелі түрде жасалады. Ал, сатушы қайтармайтын болса және сіздің уәжіңіз дәлелді болса, онда үстінен шағым жаза аласыз, мұндайда сатушы өз кінәсін көрсе тез арада сізге ақшасын қайтарады. Сыртқы саудада Alibaba ұжымы қанша тырысса да, мұндай жайлы жүйе жоқ.

Сыртқы нарыққа арналған aliexpress.com (бөлшектеп сатуға арналған) және alibaba.com-да (көтерме бағамен сатуға арналған) да мұндай жүйе қалыптаспаған. Алған затыңыз келмей қалса немесе қолдануға жарамсыз болса, онда затыңызды қайтару, орнына басқасын ауыстыру күрделі іс. Көп жағдайда ішкі нарықта алып, ішкі нарықта тексеріп, сыртқы нарыққа жіберген абзал. Егер, қауіпсіз төлем (Secure Payment немесе Trade Assurance) қызметін пайдалансаңыз, онда ішкі нарықтағыдай сіз ақшаны жеткізушінің (сатушы немесе өндіруші) шотына емес, жүйенің балансына жібересіз, содан кейін сатушы тапсырыс дайындайды және жібереді. Сыртқы нарыққа арналған қауіпсіз төлем (Secure Payment) қызметінің жалғыз кемшілігі тапсырыс құнына 5% комиссиялық



сыйақы алуы. Алайда, сіз транзакцияның қауіпсіздігіне сенімді боласыз. Алаяқтар әрқашан ақшаны тезарада алып жоғалып кетуге мүдделі, сондықтан, олар осы төлем жүйесімен жұмыс жасамауға тырысады.

**Тауардың үлгісін алу:** Кез-келген компаниямен серіктес болудан алдын тауарды көру немесе үлгісін (样品 [yàngpǐn]) жіберуді сұрастыру керек. Әдетте үлгісін жіберу ақысы тегін болып жатады.

**Alibabaда-ғы сатушы дәрежесі:** Көпшілік Alibaba арқылы тауар алып жатады, сол себепті, ең алдымен Gold Supplier дәрежесі ба-рын қараңыз. Сонымен қатар, компанияның құрылған жылын қа-рау керек, қанша көп болса сонша жақсы. Сонымен қатар, Assesed Supplier («Сенімді өндіруші немесе жеткізуші») статусы бар өн-діруші болғаны дұрыс. Сатушы жайлы айтылған comment-терді оқыңыз.

Global Sorses - әлемдегі ең ірі өндіруші сайты. GS немесе globalsources.com жеткізушілерді (өндіруші немесе сатушы) әртүр-лі параметрлер бойынша тексереді және оларға «Verified» мәр-тебесін береді. «Verified» мәртебесі бар өндіруші сенімге лайық, дегенмен бұл алып платформалардағы барлық өндірушіні тексеріп біліп отыру өте қиын. Барынша сақ болған дұрыс.

**Салыстыру және сәйкестендіру:** Компанияның аты, директор-дың аты, мекен жайы, реквизиті, компания сайты т.б. мағлұмат-тарды PI (proforma invoice, ал қытайшасы 形式发票, 发货清单) анықтамасындағы немесе келісім шарттағы мәліметтерді салы-стырып, сәйкестендіру керек. Егер бірдей болмаса, сақтаныңыз.

**Ұялы телефон нөмірі:** Әрине Қытайдың ішкі жүйесінде wechat кең таралса, whatsapp қосымшасына шектеу бар. Шетелмен жұ-мыс жасаймын деген Қытай өндірушілері амалын тауып whatsapp арқылы сөйлесіп жатады. Қытай компаниясы бола тұрып, басқа мемлекет телефон нөмірі арқылы whatsapp қосымшасымен сізге



хабарласып жатса, онда сақ болыңыз. Мысалы, Қытайдың нөмірі +86 басталады, ал, сізге +44 пен хабарласып жатса, көңілге күдік ұялатады. Себебі, +44 Англия нөмірі болып саналады, Қытай компаниясы бола тұрып, Англия нөмірімен хабарласып тұрса, әрине себеп бар. Қысқасы, тікелей телефон соғыңыз, сөйлесіп, себебін сұраңыз.



## Proforma Invoice (PI) келісім шарты

Proforma Invoice (PI) – есепшот фактурасы болып саналады. Клиенттерге не сатып алғандығын, олардың санын, бағасын және жалпы тауар жайлы ақпарат беретін құжат болып саналады.

Проформа шот-фактурасы келісімшарт екі тарап қол қойғаннан кейін ғана күшіне енеді. Тапсырыс берген уақытта өндіруші сізге мөрі басылған Проформа шот-фактурасын жіберуі қажет. Мөрі басылған PI-ды алғаннан соң, салымды аударсаңыз болады, дегенмен алаяқтардан сақтаныңыз (алаяқтарға алданбас үшін тақырыбын қараңыз).

Proforma шот-фактуралары есеп айырысу барысында қолданылатын басқа жағдайларда да бар. Ол көп жағдайда аванстық төлем үшін пайдаланылады, яғни, жүкті дайындаудан алдын, тауардың жалпы суммасының 30%-ын төлеу керек, келісім шартқа байланысты бұл тауар суммасының 50%-ы немесе тіпті 100% болуы мүмкін. Тауарды тиеуден алдын ақша аударылуы қажет. Тауар дайын болған соң, толық сумманы аудару керек болады.

«Proforma» латын тілінен аударғанда «таза ресми» дегенді білдіреді. Proforma шот-фактурасы іс жүзінде ешқандай формальды емес және ресми емес шот-фактураны білдіреді. Шот-фактураның бұл түрі сатушы сатып алушыға мәміле жасаған деп санай отырып, тауарды жылжитқан кезде импорт құнын есептеуге мүмкіндік беру үшін, сатушы шығарған шот-фактура болды. Шын мәнінде, тауардың жіберілгендігі туралы факт жоқ, осыған байланысты шот-фактураның бұл түрі «сынақ шот-фактурасы» деп те аталады.



## Бірлесіп көтерме бағада алу жүйесі

Pinduoduo маркетинг жүргізудің ең тамаша менеджментін ойлап тапқан. Өздеріңіз ойлап көріңіздерші, Алматыдағы азамат интернет арқылы 5 әмиян сатып алғысы келді делік, бірақ бағасы сәл қымбат болып тұр. Сатушы көтерме бағамен бергісі келмейді, өйткені, көлемі аз. Дәл сол әмиянды Шымкенттегі кәсіпкер 10 данасын алғысы келді, бірақ оған да арзанырақ болуы керек. Қызылордадан 15 данасына тапсырыс түсті, Қарағандыдан 20. Бірақ барлығына көтерме бағамен сатылғаны керек. Сатушы болса «кімде кім 50 дана әмиянды алатын болса, көтерме бағамен сатамын» деп сөз берген. Бұл жағдайдан шығу үшін қандай тәсіл ең ұтымды деп ойлайсыз? Ойланыңыз, толғаныңыз... Жауабын таптыңыз делік. Бірақ барлығы ойша болды. Іс жүзінде жасалса, қалай болады екен?..

Міне, pinduoduo Алматы+Шымкент+Қызылорда+Қарағанды=50 әмиян деп есептеп барлығына бірдей көтерме бағамен сатуда. Барлығы да тиімді бағаға қол жеткізді. Яғни, пайдаланушылар достарымен, отбасысымен, көршілерімен және басқалармен бірігіп тауарларды төмен бағамен сатып алуына мүмкіндік алады. Жалпы, бұл APP адамдарды біріктіруге, арзан бағамен жақсы нәрселерді сатып алуға және сауданы көңілді өткізуге арналған. Шынында да, маркетингтің ең тамаша әдісі.



## Көтерме және бөлшек сауда бағасы

Көтерме бағада алып, бөлшек бағада сату әдеттегі қалыпты жағдай. Дегенмен, көтерме сауда бағасына қол жеткізу үшін Қытай нарығы мен сауда жолдарын білген дұрыс.

«Сатқанда емес, сатып алар кезде табыс табу керек» қағида-сымен hareket етсеңіз ғана ұтыспен шығасыз. Алып жатқанда, қымбат не орта бағада алсаңыз, сатар кезде кіші табысқа қанағат етуіңіз керек болады. Сол себепті сатып алар кезде, ең арзан бағаға қол жеткізу керек. Иә, сауда қиянкесті, нарықтағы сырды ешкім ашық айтпақ емес. Ол білгенді сіз білсеңіз, оған бәсекелес болып, тыныштығын бұзасыз.

Бірақ, заман өзгерді, қоғамдағы азшылық болған кәсіпкерлердің білетінін сіз де біле аласыз, бірақ оған тәуекел мен уақыт қажет.

### **БАҒАҒА ӘСЕР ЕТЕТІН НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАР:**

*1. Өндірушілер. Ірі саудагерлер тапсырыс көлемі жоғары және тұрақты болғасын, өндіруші бағасын арзандатып беретіні белгілі. Өндірушіні тапсаңыз, бұл көтерме бағада алудың ең тиімді жолы. Сәйкесінше, контейнерлеп таситын экспедиторлық компаниясына тиімді болғасын, олар да сізге тиімді баға ұсынады. Өндірушілермен жұмыс жасау үшін қомақты қаржы керек.*

*2. Жүк тасымалы. Арзан бағада жеткізіп беретінін табуыңыз қажет. Арзан және сенімді экспедиторлық компаниясына жүгініңіз. Қазақ-Қытай арасында темір жол тасымалы қолданылып келеді, дегенмен көлік тасымалы соңғы жылдары белең алды. Себебі уақыттан ұтасыз, ал, саудада уақыт өте маңызды, кім тез жеткізе, білсе, табыс сонда болмақ. Көлік тасымалы тез және тиімді.*

3. Экономикалық теорияда белгілі, сұраныс көп болса, тауар аз болса, бағаға (қымбат болады) әсер етпей қоймайды. Бір нарықта бір заттың көп болуы, тағы да бағаға(арзан болады) әсер етпей қоймайды. Сол себепті көпшілік жаңа тауар, замануи затқа көз тігеді. Өйткені, сұраныс көп болып қалса, табыс та көбеймек.

4. Валюта бағамы. Деректерге сенсек, әлемдегі сауданың 70 % доллармен жүргізіледі екен. Демек, доллардың бағасының қымбаттауы не арзандауы, тауар бағасына тікелей әсер етеді.

5. Әрине, ортадағы делдалдар – өндіруші, сатушы, тұтынушы болса, құп дерсіз. Егер, өндіруші, сатушы-сатушы, тұтынушы болса, әрине жалпы қоғамның шығыны көп болады.



## Тасымалдау

Тасымалдау-экспедиторлық компаниясының (货运代理公司 *huòyùn dàilǐ gōngsī*) негізгі мақсаты – тасымалдау-логистикалық бизнесте басқарудың озық әдістерін пайдалана отырып, тапсырыс берушіге тиімді баға ұсыну, тауарды межелеген жерге тиісті уақытта жеткізу. Экспедиторлық компания – бұл негізінен жүктерді тасымалдауға жауап беретін агенттік компания. Яғни, тауар иесі мен тасымалдаушы арасындаға көмекші қызметкер, делдал болып саналыды.

Экспедиторлық компаниясы жүк тасымалына тиімді жол таңдайды. Жүк тасымалы әдетте кеме (лайнер, тасымалдаудың ең арзаны), әуе (тасымалдаудың ең қымбат түрі), темір жол (әдетте Қазақ-Қытай арасындаға тасымал түрі) және көлік (жылдам және темір жолмен салыстырғанда қымбатырақ тасымал түрі). Экспедиторлық компаниясы жүк тасымал түрін таңдаған соң, орын брондау (订舱 *dìngcāng* ағылшынша *booking*) туралы жүк тасымалдаушымен (承运人 ағылшынша *CarTier*) келіссөз жүргізеді.

Қазақстан-Қытай арасында теміржол тасымалын мысалға келтірсек. Сіз бір контейнер затқа тапсырыс бердіңіз, бірақ, темір жол пойызы сіздің бір ғана контейнер затыңызды алып межелеген жерге жеткізіп бере алмайды, себебі бір пойызда 30-50 контейнер тиеп сыйдырып жібере алатын күші бар. Экспедиторлық компанияның негізгі міндеті де осында, барынша көп адам тауып, тауарды барынша жылдам жөнелту. Жүк тасымалдаушының (теміржол пойызы) міндеті барынша контейнерлерді пойызға көбірек тиеп аттандыру. Сонда ғана жүк тасымалдаушыға тиімді болмақ.

### Контейнер түрлері:

1×20'GP=31CBM 6\*2.38\*2.38 25 17MT

1×40'GP=67CBM 12\*2.38\*2.38 55 25MT

1×40'HC=76CBM 12\*2.7\*2.38

1×45'GP=86CBM

(GP general purpose жалпы контейнер; CBM cubic metre метр/

куб; MT metric ton тонна сыймдылығы; HC high cubic контейнер биіктігі).

Контейнер түрлері көп болса да, халықаралық саудада көбінесе 20 және 40 футтық контейнерлер қолданылады. Затыңыз мүлде үлкен болса, онда 45 футтық контейнерге жүгінесіз.

20 футтық контейнерге көбінесе ауыр заттарды жүктеуге қолданылады, себебі ұзын болған 40-тық контейнер ауыр затты тасымалдау барысында майысып қалуы немесе қисайып қалуы бек мүмкін екен.

Қытайдың шығысынан, батыстағы Қазақстан шекарасына дейін 6 күн кетсе, шекарадан Алматы немесе Шымкент қаласына дейін тағы уақыт алады. Контейнермен тауар жіберу, бөлшектеп жөнелтуге қарағанда арзан болатыны белгілі.

## Cargo компаниялары

Карго компаниялары әдетте ауыр болса, салмағына қарап, жеңіл болса және көлемі үлкен болса көлеміне қарап бағасын есептейді. Олар қалай есептейді екен, байқап көрелік.

а) Салмағы (ауырлығы) бойынша. Мәселен, сізде салмағы 55 кг зат бар делік, заттың көлемі 0.5 м<sup>3</sup>, яғни бір кубқа жетпейді.  $55 \text{ кг}/0.5 \text{ куб}=110$  тығыздығы. Мұндай жағдайда кг мен есептейді, себебі, тығыздығы 100 ден асты. Ал, тығыздығы 100 ден төмен болса, онда көлеміне қарай жібереді.

б) Көлемі бойынша: салмағы 35 кг зат, көлемі 0.8 куб.  $35 \text{ кг}/0.8 \text{ куб}=43.75$  тығыздығы, яғни, қорап ішінде бос орын көп, тығыздығы аз. Мұндай жағдайда көлеміне қарай жібереді.

Мысалы, ойыншықтар көп жағдайда жеңіл және көлемі үлкен болып келеді. Әрине көлемімен есептеген карго компанияларына тиімді. Темірден жасалған көлік бөлшектері салмағы ауыр, көлемі кіші болып келеді, мұндайда салмағына қарай есептейді.

с) Көлемін қалай шығарамыз: ұзындық\*биіктік\*ені=көлемі. Бір қораптың 50 см ұзындық \* 50 см биіктік \* 50 см ені = 125000 көлемі. 125000 көлемін кубқа айналдыру үшін 1 000 000 см-ге бөлеміз (себебі,  $100\text{см}*100\text{см}*100\text{см}=1000000$  см бір куб болады), сонда  $125000/1\ 000\ 000=0.125$  м<sup>3</sup> шығады. Бір кубқа айналдыру үшін  $0.125*8$  қорап=1 куб.

д) Тығыздығын қалай шығарамыз: жоғарыда айтқанымдай  $\text{кг}/\text{куб}=\text{тығыздық}$ .

Карго компаниялары әдетте заттың тығыздығына байланысты бағасын бекітеді. Тығыздығы 100-ден төмен болса, «куб» деп бағасын бекітсе, тығыздығы 100-ден жоғары болса «кг» деп есептейді.



## Саудаға қайсысы тиімді alibaba.com, 1688.com, әлде made-in-china.com?

Alibaba.com және 1688.com Alibaba group-қа тиесілі сайт болып саналады. Екеуі де бөлшектеп те, көтерме бағамен де тауарын сізге ұсына алады. alibaba.com шетел нарығына арналса, 1688.com Қытайдың ішкі нарығына арналған. Мақсаты бір – өндірушімен сатушыны, өндірушімен тұтынушыны, сатушымен тұтынушыны, «көп жағдайда» сатушымен сатушыны табыстырған әлемдегі алып платформа. Alibaba сыртқы нарыққа арналғандықтан, барлығы ағылшын тілінде (өзге тілдерге де ауыстыруға болады). Көбінесе тапсырысқа байланысты әр мемлекет стандарттарына сәйкес тауар өндіріп, сыртқы нарықтың қалауын тиімді бағамен қанағаттандыруға талпынады.

1688.com Қытайдың ішкі нарығына арналған. Қытайдың ішкі нарығындағы бәсекелестік тауар бағасының төмендеуіне септігі тиетіні анық және 1688-дің alibaba функциясымен салыстырып қарасақ, 1688-дің артықшылығы аңдағайлап тұр. RMB мен DOLLAR екі валютаның құны әртүрлі, әлемдік нарықтың 70% еншілеген доллар, юанмен тең емес екенін ескерсек, көп жағдайда Қытай нарығының тауар құны сыртпен салыстырғанда, арзан болары сөзсіз. Соңғы 10 жылда юань құнсызданғанын ескерсек, мұнда да жұмыс күші қымбаттап, тұрақты бағаның тынышын бұзды. Жұмыс күшінің қымбаттауы, тауар бағасының қымбаттауына әсері орасан.

Made-in-china.com келер болсақ, бұл платформада өзіндік ерекшелігі бар. Тек өндірушілер ғана қатыса алатын бұл алыптың alibaba.com-ға қарағанда, өндірушіні бақылауы көп, тексеруі жиі болып келеді. Алаяқтардан да аулақ боласыз. Made-in-china.com ды жарнамалап тұрған компания менеджерімен жеке тілдескенімде, ол «біз өзімізге тіркелген, өнімін жарнамалап жатқан өндірушілерді жиі бақылаймыз, егер, өндіруші өз жұмысын тоқтатқан болса, тез арада сайттағы парақшасын бұғаттаймыз» деген болатын.

Қысқасы, барлығы да өте тиімді. Барлығы сіздің таңдауыңызға байланысты.



## Ең арзан бағаға қол жеткізу үшін

Көтерме және бөлшек сауда бағасы бөлімінде бағаға әсер ететін бірнеше факторларға тоқталған болатынбыз, бірақ, Қытай нарығын Қазақтың мүддесі үшін қолданудың тетіктерін баяндау мақсатында, «Ең арзан бағаға қол жеткізу үшін» тақырыбына арнайы тоқталдық.

Алыпсатар, делдалдың рөлі қанша безендірілген болса да, түбі тәуелді, ертеңі бұлыңғыр, бағыты тұманды болып келеді. Сол үшін де, өндірушінің рөлін сомдаудан басқа жол жоқ. Ең арзан бағаға қол жеткізуге де өндіруші болмақ керек. Тауардың түрлері өте көптеп кездеседі, барлығына тоқталу, көп уақытты қажет етеді. Алайда, ең арзан бағаға қол жеткізу үшін қарапайым қағидаларды білу керек. Көптеген мысалдар келтіруге де болады, бір ғана мысал арқылы, жалпы қағидаларды білсек, қалғандары да осыған ұқсас келетіні белгілі. Сіздерге шұлық саудасы жайлы баяндап, бір ғана өнім шығару арқалы өздеріңіз қандай сала, қандай құрал, қандай аппараттар, қандай зауыттар салу керек екенін түсінетін шығарсыздар деп ойлаймын. Ендеше бастаймыз.

Шұлық саудасы. Күнделікті тұтынатын тауардың бір ғана түрі. Қазақ елінің оңтүстігінде көп егіліп, ақ алтындай құнға ие өнім болып келеді, бұл өнім – әрине, мақта. Келесі, қазірде құнын жоғалтқан, амалсыз тиынға сатылып жатқан бұл өнім – жүн. Одан кейін, ең арзан, күннен күнге құны жоғалып, судан арзан күй кешкен мұнай (полиэстер бұл мұнай тазартудан алынатын синтетикалық полиэфир талшықтарынан жасалады. Өндіріс процесі бірнеше кезеңнен өтеді, бастапқы материал мұнай. Содан кейін полистиролды бөліп алады) бар. Ең қымбаты жібек. Күннен күнге қолданыста көбейіп келе жатқан, табиғи таза өнім болып саналатыны зығыр (ағылшынша linen). Дегенмен, теріні де ұмытпаған жөн. Жоғарыда аталғандардың бесеуі табиғи, оларға мақта, жүн, жібек, тері және зығыр жатады.

Сонымен қатар, саудадағы атауларын да ұмытпаған жөн, олар нейлон (полиамидті талшық, nylon) қытайшасы 锦纶 [jǐnlún], келе-



сі спандекс (spandex; polyurethane fibre), қытайшасы 氨纶 [ānlún], полиэстер (POLYESTER FABRIC) 涤纶 [dílún]. Осы қоспаларды қосу арқылы тауардың құнын түсіруге тырысып бағады. Бұл шикізаттың барлығы да өзімізде артығымен табылады. Дұрыс қолдана білсек, көпшілікке жұмыс орны ашылып, біраз халық қалталы болар еді.

Мата мәселесін қысқа болса да түсіндіруге тырыстық, әрине, басқа да атаулар, матаның басқа да түрлері болуы мүмкін, тақырыбымыз шұлық болған соң тақырыбымызға қайта оралсақ.

Шұлықтың ең соңғы межесі тұтынұшы. Оған дейін бірнеше күрделі процестерден сәтті өтуі керек. Ең бірінші, суы мол, жекеменшік және құнарлы жер, сол жерге сәтті егілген мақта немесе жүні мол қой, содан соң мақтаны, немесе жүнді өңдеп жіпке айналдыратын зауыт. Зауытқа жақын орналасқан қалталы кәсіпкерлер зауыттан жіпті алып, кәсібін дөңгелетсе болғаны. Дәл осы жерде Қытай нарығын Қазақтың мүддесі үшін қолдануға болады. Қытайда жіпті немесе матаны өңдейтін зауыттар көптеп кездеседі, ол зауыттарда аппараттарын, түрлі құрал саймандарын сатуға мүдделі, сізге барынша тиімді баға, ұтымды келісім шарт ұсына алады. Өз адамыңызды Қытайдағы зауытқа жіберіп, барынша аппараттың қолданысын үйреніп келсе, өзімізде өндіріп шығуға болады. Міне, осы арқылы шикізатты тауарға айналдыра білсек, арзан баға осында болады. Әрине, бұл ғана жеткіліксіз, мемлекет тарапынан протекционизм ғана емес, субсидия да артықтық етпейді. Қытай тәжірибесі де осыны меңзейді.

Тек қана шұлық емес, мақта мен жүннен өндіріп шығаруға болатын заттардың барлығын өндіруге болады. Қытай нарығынан шұлық жасап шығаратын аппаратты алып кәсіп жасаса, міне, арзан бағаға қол жеткізудің жолы. Өкініштісі, мұнымен іс аяқталмайды. Қазірде таза мақта мен жүннен өндіріліп шыққан заттар тым қымбат болып келеді, себебі, қоғам бір орында тұрмақ емес, технология күн санап дамып, мақта мен жүнге түрлі қоспаларды қосып арзан бағаның жолын тапқаны қашан. Жіп болса болғаны қалғаны оңай. Қазірде ең арзаны полиэстер болып келеді. Себебі де түсінікті, мұнайды екпейсіз, суғарудың қажеті де жоқ, бір баррель 158



литр деп, бағасын 40 доллар десек (15.10.2020 көрсеткіш), теңгеге шаққанда 17200 теңгені (15.10.2020 көрсеткіш бойынша 1 доллардың құны 430 теңгеге тең) құрайды екен. 158 литр таза судың құны 1 литр 150 теңге деп есептегенде, 23700 теңгені құрайды екен. Яғни, келешекте арзан матаға қол жеткізуді мақсат тұтсаңыз, осы бағытта жұмыс істеген абзал, өйткені, нарықтың заңы, халық қалтасы көтере алатын затты ғана алады. Заңдылықтар бөлімінде бұл тақырыпты барынша ашып бердік деп ойлаймын. Мұнай, мақта, жүн, жібек, тері және зығырдың шикізатын шет елге сатып, арзан бағаға қол жеткізем деу бос әурешілік екені белгілі.

Қысқасы, қандай нарықта болмасын, ең арзан бағаға қол жеткізу үшін, ең бірінші шикізатқа қол жеткізу керек. Келесі, шикізатты дайын затқа айналдыру мақсатында, түрлі жабдықтар, содан соң дайын затты межелі жерге қауіпсіз де арзан жолмен жеткізетін логистика. Интернет желісі арқылы түрлі делдардан аттап өтіп, өндіруші мен тұтынушыны табыстыру қажет. Шұлықтың соңғы межесі өз тұтынушысын тапты деп сенемін.



## Арзан бағада сатудың шарапаты

Кез-келген қоғамда, бір заттың бірнеше өндірушісі, содан соң мыңдаған сатушысы болады. Өндірушіге тиімдісі, бір ғана жерде орналасып, мыңдаған жерде өз затын сататын сатушының болғаны.

Қойма дүкендеріндегі тауарлардың бағасы супермаркеттерге қарағанда шамамен 20% арзан болып келеді. Қойма дүкенінде супермаркеттің сәнді безендірілуі және жарнама шығындарының көп мөлшері жоқ. Сонымен қатар, қойма дүкені «шағын пайда, бірақ тез айналым» қағидатын ұстанатын орын болып табылады. Супермаркеттерге қарағанда, менеджмент шығындары мен сату шығындары төмен. Бұл қойма дүкендерінің көптеген тұтынушыларды өзіне баурап, қарқынды дамып келе жатқандығының негізгі себептерінің бірі. Қоғам кедейленген сайын үстеме пайыз арзан болған жаққа ағылатыны ақиқат.

Қытай нарығындағы jingdong (jd.com), өз қоймаларын әр қалаға орналастырып тез жеткізу қызметімен қоса, сапаны ұсына алды. Бүгін алған затыңызды сол мезетте, тіпті, таңертең алған затыңыз сол қаладағы jingdong-ның қоймасында болса, түсте жеткізіп беруге жарап жатыр. Жалпы, қазірде тек қойма арқылы табысқа жету емес, сонымен қатар интернет арқылы сауданы қолға алу керек.

Жоғарыда қысқа болса да, арзан бағаның қалай пайда болатынын түсіндірген болатынбыз. Енді, арзан бағада сатудың шарапатын бір мысалмен түсіндіріп көрейік. Мыс.: Сіздің дүкеніңіз бар делік, үстеме пайызыңыз 20% деп есептейік, бір айда 100 тұтынушы сіздің дүкеніңізден 1 000 000-ға сауда жасайды делік. Ұмытпаңыз, бұл үстеме пайызыңыз 20% деп есептегендегі табысыңыз, ал, енді, үстеме пайызыңыз 5% деп есептегенде, табыс қандай болмақ? Иә, қысқа уақытта табысты арттыру өте қиын, дегенмен, ұзақ мерзімді жоспар құрсаңыз өте тиімді тәсіл. Өйткені, бір айда 500 тұтынушы сіздің дүкеніңізден 1 000 000-ға сауда жасаса да, айырмашылық андағайлап тұр емес пе? 500 тұтынушы тағы 500 тұтынушыға хабар бергеннің өзінде, бір жылда тұрақты клиенттерді жинап ала-



сыз. «Шағын пайда, бірақ, тез айналым» қағидатын ұстансаңыз болғаны.

Тағы бір мысал, егер киім сататын дүкеніңіз болса, Қытай нарығында жиі қолданылатын тәсілді қолданып көріңіз. Қытай нарығында киім сату дүкенінде науқандар, арзан бағалар жиі болып тұрады, арзан бағадағы киімдерді дүкеннің ішкі бұрышына қойып сатып жатады. Мұның сыры, сіз сол арзан киім бару жолында, жол жөнекей көптеген басқада, ешқандай науқанға қатысы жоқ киімдерді көресіз, сол киімдерді көздің майын ағызытындай жерге қойып жарнамалайды. Арзан бағадағы киімді алу үшін барған сіз, қалай қалтаңыздағы соңғы тиынға өзіңізге ұнаған, ешқандай наұқаны жоқ киімді алғаныңызды білмей қаласыз. Бұл тәсіл жарнамалауға өте тиімді, сатуға өте қолайлы болып келеді.



## Ресми түрде Қытайдан Қазақстанға тауар жеткізу

Екі мемлекет арасындағы заңға сәйкес, құжат түрлері көбейюі немесе азаюы мүмкін. Бүгінде жалпы осы құжат түрлеріне назар аударыңыз.

Экспорттық құжат жасай алатын жеткізуші табу.

Қазақстан жақтағы ЖШС пен сол жеткізуші (поставщик) арасында келісім-шарт жасау.

Келісім-шартта көрсетілген жеткізушінің банк реквизитіне (银行要项 немесе 银行用具) ақша аудару. Жеткізуші экспорттық құжаттарды жасауы керек. Инвойс, сертификат (керек жағдайда).

Транспорттық компаниямен тауарды жеткізу. Олар экспорттық декларация жасауы қажет.

Қазақстанда брокерлік компаниямен келісім-шартқа отыру. Олар тауар бойынша төлемдерді санап береді.

Кедендік баж салығы, қосылған құн салықтарын (НДС) төлеу.

Тауарды алып кету.



## Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдері

Қытайдың Қазақстанның табиғи өніміне қызуғушылығы орасан. Олай дейтін себебіміз, Қытайдың халық санының көптігі, күннен-күнге қытай халқының жағдайының жақсаруы, өз ішінде ауаның ластануы, т.б. себептері табиғи өнімге сұранысты арттырды. Әрине, алғашқысы – ет өнімдеріміз. Шошқа етінің басты тұтынушысы болып саналатын Қытайдың, біздің төрт-түлікке де назары ауып отыр. Десе де, Қытайдың нарығындағы сұранысты қанағаттандыру былай тұрсын, өзіміз сырттан ет импорттап жүргенде бұл қалай болмақ? Сонда да, келешекте алып өзгерістер болатынына сенімдімін. Барлық табиғи өнімімізді экспорттау үшін қандай дайындықтар жасау керек екенін, ет өніміне мысал келтіріп баяндасақ.

Қытайға етті экспорт жасаймын деуші кәсіпкерлеге айтарым, кәсібіңзді қазірден бірте-бірте кеңейте беріңіз. Еліміздің нишасы дәл осы ауылшаруашылық өнімдерінде екені белгілі. Қанекей, Қазақстанның ауылшаруашылық өнімдері ішкі нарықты қанағаттандырып сыртқы нарыққа шықса, қандай тамаша болар еді десеңші.

Ия, Қытай сыртқы саудаға сақтықпен қарап, ішкі өндірушілерін баптап келеді. Шетелдік тауарлардың Қытай ішкі нарығындағы өндірушілерге кесірі тиіп, салдары жұмыссыздыққа немесе сыртқы тауарға деген тәуелділікке алып келетінін білсе, квотамен немесе мүлдем еліне кіргізбей шектеу қояры белгілі. Өз өндірушілерін осылай қорғап келген Қытай үкіметі деректеріне сенсек, бүгінде 700 млн шамасындағы халқын кедейліктен орта тапқа көшіріп үлгерген. Ал, терезесі ашық елдердің үйіне қыста суық кіріп, жазда ыстық кіріп мазасын алуда. Мұндайда, терезені теңестіру еш мүмкін емес. Дегенмен, Қытай қазірде Қазақстанның ет өнімдеріне қызығып отыр.

Мүмкіндікті пайдаланып экспорт жасауыңызға болады. Өздеріңіз білесіздер, Қытай халқы жылқы етін тұтынбайды, алайда,

келешекте жылқы етіне қызығушылық танытуы мүмкін. Көп бөлігі сиыр етін аз тұтынады, қой еті де қымбат болып келеді, негізгі тұтынатын еттері тауық және шошқа еттері. Себебі, айтпаса да түсінікті, бағасы сиыр және қой етінен екі есе, тіпті, үш есе арзан болып келеді. Келешекте Қытайға ет өнімдерін экспорт жасаймын деген кәсіпкерлерге айтарымыз, өндіріс көлемін барынша арттырған дұрыс, өйткені, тапсырыс сіз ойлағаннан әлде қайда көп болады. Қытай кәсіпкерлеріне ірі көлемді өндірушілер керек, оларға да сенімді, тапсырыс бергенде ет өнімдерін тұрақты жеткізіп тұратын серіктес қажет. Бірақ, ішкі нарық толық қанағаттандырылмай, сыртқы нарыққа экспорттау, ішкі нарықта бағаның күрт өсуіне алып келеді. Бұл, жалпы халықтың қалтасына қатты соққы болады.

Біздің нишамыз ауыл және мал шаруашылығы екені белгілі, осы екі саланы дамытып, өнімдерімізді экспорттасақ, халықтың әл-ауқаты артып ертеңіміз жарқын болар еді.

Төменде ет өнімдерін экспорттау үшін қажетті құжаттар тізімін ұсынамыз.

Керекті құжаттар тізімі: Заңды тұлға болуыңыз, кәсіпорныңыз барлық талаптарға сай болуы (ЖШС толық құжаттарының көшірмесін Қытайға Импорт жасағалы тұрған компанияға өткізуіңіз қажет), санитарлық күәлік, тауардың түсініктемесі (сипаттамасы, тауар жайлы толық мәлімет), лицензия (рұқсат қағаз), яғни, мемлекеттік органдар сыртқы сауда операцияларын жүзеге асыруға беретін арнайы рұқсат қағазы болуы керек. Кәсіпорынның күндік, айлық, жылдық өндіріс күшін, көлемін білдіретін анықтама. Келісімшарт барысында басқа да құжаттар қажет болуы да мүмкін. Басты құжаттар осылар. Құжаттар көп-ақ, алайда, импорт-экспорт компаниясын ашып, мал шаруашылығымен айналысып жүрген басқа да кәсіпкерлердің басын біріктіріп, Қытай нарығына шықса болады деген ойдамын. Төрт-түлікті мал шаруашылығымен айналысып жүрген кәсіпкерлер жеткізіп отырса, Импорт және Экспорт компаниясы сан түрлі құжаттар мен тасымалдау жұмыстарына жауап беріп отырса, іс оңды, қалта толы болады деп сенемін.

# Тілашар







<b>1. Сәлемдесу</b>	<b>打招呼 [dǎ zhāohu]</b>
Қазақша	Қытайша
Қайырлы таң !	早上好 ! [zǎoshang hǎo ]
Қайырлы күн!, Сәлем және Сәлеметсіз бе!	你好 ! [nǐhǎo] (Түске дейін 上午好 [shàngwǔhǎo]) тағы (Түстен кейін 下午好 [xiàwǔhǎo])
Қайырлы кеш!	晚上好 ! [wǎnshàng hǎo]
Хош келдіңіз!	欢迎 [huānyíng]
Сіз жақсысыз ба? немесе Қалайсыз?	你好吗? [nǐhǎoma?] немесе 你还好吗? [nǐhái hǎoma?]
Хәліңіз қалай, жақсысызба?	您怎么样? [nínzěnmeyàng?]
Мен жақсымын немесе Меңде барлығы жақсы, рахмет!	我很好 [wǒhěn hǎo] немесе 我一切都好, 谢谢! [wǒyīqièdōu hǎo, xièxiè]
Сен ше?	你呢? [nǐne]
Меңде жақсымын, рахмет!	我也很好, 谢谢! [wǒyěhěn hǎo, xièxiè]
Өзіңе абай бол, сау болыңыз.	好好照顾自己, 再见! [hǎohǎo zhàogù zìjǐ, zàijiàn]
Қайырлы түн!	晚安 [wǎn'ān]
Сізге сәттілік тілеймін.	祝你们成功 [zhù nǐmen chénggōng]



<b>2. Өзін таныстыру</b>	<b>介绍一下自己 [jièshào yīxià zìjǐ]</b>
Өзімді таныстырсам болады ма?	我可以自我介绍一下吗? [wǒ kěyǐ zìwǒ jièshào yīxià ma]
Мен өзімді таныстырғым келеді	我想介绍一下我自己 [wǒ xiǎng jièshào yīxià wǒ zìjǐ]
Бір-бірімізді таныстыра кетейік.	互相认识一下 [hùxiāng rènshí yīxià]
Сенің атың кім? және Сенің тегің кім?	你叫什么? [nǐjiàoshénme] және 你姓什么? [nǐxìngshénme?]
Менің атым ...	我叫 ... [wǒjiào ...]
Менің тегім ...	我姓 ... [wǒxìng ...]
Сізбен танысқаныма өте қуаныштымен!	认识您很高兴! [rènshí nín hěn gāoxìng]
Ол менің досым.	他是我的朋友 [tāshì wǒde péngyǒu]
Сен қай жерде дүниеге келгенсің?	你在哪里出生的? [nǐzài nǎlǐchūshēng de?]
Мен Қазақстанда дүниеге келгенмін.	我出生在哈萨克斯坦 [wǒchūshēng zài hāsàkè sītǎn?]



3. Сұрақ және өтініш	提问/请求[tíwèn/qǐngqiú]
Әке, анаң келедіма?	爸爸, 妈妈来吗? [bàba, māma lái ma]
Олардың барлығы келеді.	他们都来. [tāmēndōulái]
Сен неде оқисың?	你学习什么? [nǐ xuéxí shénme]
Оны шақырыңызшы	请你叫他来 [qǐng nǐ jiào tā lái]
Оның аты қандай?	他叫什么名字? [tā jiào shénme míngzì]
Сіздің тегіңіз қандай?	您贵姓? [nín guìxìng]
Жасыңыз қаншада?	您多大了? [nín duō dà le]
Оның аты қандай ?	他叫什么名字? [tā jiào shénme míngzì]
Сенің туылған күнің қашан?	你的生日是几月几号? [nǐ de shēngri shì jǐ yuè jǐ hào]
Жағдайың қалай?	你好吗? [nǐ hǎo ma]
Қайдан келдіңіз?	您是哪国人? [nín shì nǎ guó rén] немесе 您是哪里人? [nín shì nǎlǐ rén]
Сізде ағаныз қарындасыңыз, апкеңіз барма?	您有哥哥(弟弟)或姐姐(妹妹)吗? [nín yǒu gēge (dìdì) huò jiějie (mèimei) ma]
Сіз ағылшынша сөйлей аласызба?	您会说英语吗? [nín huì shuō yīngyǔ ma]
Сіз мені ойымды түсіндіңізба?	您懂我的意思吗? [nín dǒng wǒ de yìsi ma]
Мен тез айтып жатырмынба?	我是不是说得太快? [wǒ shì bù shì shuō de tài kuài]
Қытайша қалай болады...?	.....用汉语怎么说? [...yòng hànyǔ zěnmē shuō ]
Сіз тағы бір рет қайталайсызба?	您可以再说一遍吗? [nín kěyǐ zài shuō yī biàn ma]
Сен қайда барасың?	你到哪儿去? [nǐ dào nǎr qù]
Ол жайлы сөйлеспейікші?	我们不谈这个[wǒmen bùtán zhège]
Тағы бір рет айтыңызшы	再说一遍 [zài shuō yī biàn]
Сіз темекі шегісізба?	您吸烟吗? [nín xīyān ma]
Сұрақ қою	提问题 [tí wèntí]
Не?	什么 [shénme]
Кім?	谁 [shuí, shéi]
Қайжерде? Қайда? Қайдан?	哪里 [nǎlǐ], 哪儿 [nǎr]
Қанша?	几 [jǐ]
Қалай?	怎么 [zěnmē]
Қалай? Қалайша?	怎么样 [zěnmeyàng]



Қай? Қайссы?	哪 [nǎ]
Не үшін?	为什么 [wèishénme]
Не істеу керек? Қалай жасасақ?	怎么办 [zěnmě bàn]
Солай ма?	是不是 [shìbùshì]
А, бұл сен ба?	啊, 是你! [ā, shì nǐ]
Шынымен ба?	真的吗? [zhēnde ma]
Қалай екен?	怎么样啊? [zěnmeyàng a]
Солай емес па?	是不是这样? [shì bùshì zhèyàng ]
Сен не істеп жатырсың?	你干吗? [nǐ gàn má?]
Кімнің?	谁的? [shéi de ]
Келе жатырсың ба?	你在路上吗? [nǐ zài lùshàng ma]
Байқаңыз, мына баспалдақ өте тік.	请注意, 这楼梯太陡了 [qǐng zhùyì, zhè lóutī tài dǒule]
Сен құпия сақтай аласың ба?	你能保守秘密吗? [nǐ néng bǎoshǒu mìmì ma]
Теледидарды қосып жібересіз бе?	请打开一下电视, 好吗? [qǐng dǎkāi yíxià diànshì, hǎo ma]
Маған бір минут уақытыңызды қиясыз ба?	请给我一分钟时间 [qǐng gěi wǒ yī fēnzhōng shíjiān]
Маған көмектесіп жібересіз бе?	您能帮我个忙吗? [nín néng bāng wǒ gè máng ma]
Оның қашан болатынын білмейсіз бе?	你知道他什么时候在吗? [nǐ zhīdào tā shénme shíhòu zài ma]
Бұны кім ойлап тапқанын білесіз бе?	你知道这是谁的主意吗? [nǐ zhīdào zhè shì shéi de zhùyì ma]
Оған бірдеңе керек пе?	他需要什么吗? [tā xūyào shénme ma]
Сәлем, саған көмек керек пе?	你好, 你需要帮助吗? [nǐ hǎo, nǐ xūyào bāngzhù ma?]
Қалайша?	如何? /怎么样? [rúhé/zěnmě yàng]
Тезірек, әйтпесе тағы да кешігесің.	你快点, 不然又要迟到了 [nǐ kuài diǎn, bùrán yòu yào chídào le]
Бәрі дұрыс па?	一切都好吗? [yīqiè dōu hǎo ma]
Сенді бәрі дұрыс па?	你没事吧? [nǐ méishi ba]
Баяуырақ сөйлеңізі!	请慢点说 [qǐng màn diǎn shuō]
Сәл күте тұрыңыз!	稍微等一会儿! [shāowéi děng yíhuī'er]
Бір нәрсе сұрасам бола ма?	我可以问你一个问题吗? [wǒ kěyǐ wèn nǐ yí gè wèn tí ma]



Кешіріңіз, сіздің не дегеніңізді ұқпай қалдым.	对不起, 我没听清楚您说的话 [duìbùqǐ, wǒ méi tīng qīngchǔ nín shuō dehuà]
Өтінемін, бұлай істемеңіз!	请不要这样做 [qǐng bùyào zhèyàng zuò]
....қалай айтылады?	.....怎么说? [.....zěnmě shuō?]
Шын ба?	真的吗? [zhēn de ma]
Не айтқыңыз келіп тұр?/Нені мегзеп тұрсыз?	您什么意思? [nín shénme yìsi]
Көздеген не мақсатыңыз бар?	你的目标是什么? [nǐ de mùbiāo shì shénme]
Бұл сонда не болғаны?	这都什么意思? [zhè dōu shénme yìsi]
Бұл сөз не мағына береді?	这个词是什么意思? [zhège cí shì shénme yìsi]
Бұл сөзді әріптермен айтыңызшы.	请频出这个词 [qǐng pín chū zhège cí]
..... ағылшынша қалай болады?	....英语怎么说? [.....yīngyǔ zěnmě shuō?]
Сіз мен түсініп тұрсыз ба?	你明白我的意思吗? [nǐ míngbái wǒ de yìsi ma?]
Сіз бұны маған жазып бересіз бе?	请您把这个写给我? [qǐng nín bǎ zhège xiě gěi wǒ?]
Сізден сұрасам бола ма?	我可以问你吗? [wǒ kěyǐ wèn nǐ ma?]
Не боп қалды?	出什么事了? [chū shénme shìle?]
Оның қайда болуы мүмкін?	他会在哪里呢? [tā huì zài nǎlǐ ne?]
Сіз кімді айтып тұрсыз?	您指的是谁? [nín zhǐ de shì shéi?]
Ештеңені ұмыт қалдырмадыңыз ба?	你没忘记什么吗? [nǐ méi wàngjǐ shénme ma]
Кешіріңіз, мен стадионға бару үшін қалай жүрсем болады?	请问, 体育场怎么走? [qǐngwèn, tǐyùchǎng zěnmě zǒu]
Сіз олардың телефон номерлері мен мекенжайын бере аласыз ба?	吧他们的电话号码和地址您可以发我吗? [ba tāmen de diànhuà hàomǎ hé dìzhǐ nín kěyǐ fā wǒ ma?]
Кім бұл?	谁在哪儿? [Shéi zài nǎ'er?]
Сіз қашан жүрмексіз?	你什么时候走? [nǐ shénme shíhòu zǒu?]
Сіз қайда тұрасыз?	你住哪里? [nǐ zhù nǎlǐ?]
Сіз қайда барасыз?	你要去哪里? [nǐ yào qù nǎlǐ]
Сіз қашан келдіңіз?	你什么时候来了? [nǐ shénme shíhòu lái le?]
Бұл жерде қанша күн тұрасыз?	您打算在这里逗留多久? [nín dǎsuàn zài zhèlǐ dòuliú duōjiǔ]
Сіз қайдан келдіңіз?	您来在哪儿? [nín lái zài nǎlǐ]



4. Хобби	爱好 [ài hào]
Мен өте жақсы көремін ...	我很喜欢 ... [wǒ hěn xǐhuan...]
Қандай кітаптар сүйіп оқисыз	您喜欢看什么书? [nín xǐhuan kàn shénme shū]
Сізде қандай хоббилеріңіз бар?	您有什么爱好? [nín yǒu shénme àihào]
Кітап алдым, жолда оқып бару үшін	买了一本书, 好在路上看看 [mǎi le yī běn shū, hào zài lùshang kànkàn]
Бос уақытыңызды қалай өткізесіз?	有空的时候, 您喜欢做什么? [yǒu kōng de shíhou, nín xǐhuan zuò shénme]
Менім хоббиім – суретке түсіру (спорт, саяхаттау)	我喜欢旅游 [wǒ xǐhuan lǚyóu] 我喜欢看书 [wǒ xǐhuan kànshū] 我喜欢滑雪 [wǒ xǐhuan huáxuě]
Сіздің хоббиіңіз қандай?	您有什么爱好? [nín yǒu shénme àihào]
Бұл хоббидің қай жері қызықты?	这个爱好怎么有意思? [zhègè àihào zěnmeyǒu yìsi]
Мен Спартак футбол клубінің жанкүйерімін (Барселона, Манчестер Юнайтед, Бавария, Милан)	我支持斯巴达克足球俱乐部 [wǒ zhīchí sībādákè zúqiú jùlèbù] 我支持巴塞罗那那足球俱乐部 [wǒ zhīchí bāsàilúnā zúqiú jùlèbù]
Сіз немен қызығасыз?	您对什么感兴趣? [nín duì shénme gǎnxìngqù]
Сіз бұмен қанша уақыттан бері айналысып жүрсіз?	您迷上这个多长时间了? [nín míshàng zhègè duōcháng shíjiān le]
Менің хоббиім көп уақытты алады.	我的爱好占用我很多时间 [wǒ de àihào zhànyòng wǒ hěn duō shíjiān]
Сізге музыка ұнайды ма (спорт, кітап оқу)?	你喜欢音乐吗? [nǐ xǐhuan yīnyuè ma] 你喜欢体育吗? [nǐ xǐhuan tǐyù ma] 你喜欢阅读吗? [nǐ xǐhuan yuèdú ma]
Сізге қандай музыка ұнайды?	您喜欢听什么音乐? [nín xǐhuan tīng shénme yīnyuè]
Сіздің елде қандай жазғы (қысқы) спорт түрлері танымал?	你国家哪些夏季运动比较流行? [nǐ guójiā nǎxiē xiàjì yùndòng bǐjiào liúxíng] 你国家哪些冬季运动比较流行? [nǐ guójiā nǎxiē dōngjì yùndòng bǐjiào liúxíng]
Соңғы Олимпиада ойындарын (Әлем кубогы, Еуропа кубогы) кім жеңіп алды?	最新的奥运会冠军是谁? [zuìxīn de àoyùnhuì guànjūn shì shéi] 最新的世界杯冠军是谁? [zuìxīn de shìjièbēi guànjūn shì shéi] 最新的欧洲杯冠军是谁? [zuìxīn de ōuzhōubēi guànjūn shì shéi]
Мен спортпен айналысамын (өте белсенді).	我做运动 (做得很带劲儿) [wǒ zuò yùndòng (zuò de hěn dài jìn)]



Кейде, менде уақыт болған кезде.	有时候, 当我有空的时候 [yǒushíhòu , dāng wǒ yǒu kōng de shíhou]
Сіздің сүйікті кітабыңыз (сүйікті спорт, музыкалық жанрыңыз, фильміңіз қандай)?	您最喜欢哪一本书? [nín zuì xǐhuan nǎ yī běn shū] 您最喜欢哪一种运动? [nín zuì xǐhuan nǎ yī zhǒng yùndòng] 您最喜欢哪一种音乐? [nín zuì xǐhuan nǎ yī zhǒng yīnyuè] 您最喜欢哪一个电影? [nín zuì xǐhuan nǎ yī gè diànyǐng]
Мен өте жақсы көремін ...	我很喜欢 ... [wǒ hěn xǐhuan...]
Мені қызықтырады ...	我对 ... 感兴趣 [wǒ duì ...gǎn xìngqù]
Мен әртүрлі спорт түрлерін ұнатамын.	我喜欢不同类型的运动 [wǒ xǐhuan bùtóng zhǒnglèi de yùndòng]
Мен суға жүзуді (атпен жүру) ... жасымда бастадым.	我 ... 岁的时候就开始学游泳 [wǒ...sui de shíhou jiù kāishǐ xué yóuyǒng]
Спорт пен айналысу денсаулыққа пайдалы.	运动有益健康 [yùndòng yǒuyì jiànkāng]
Шайбалы хоккей ойнайық!	让我们打冰球去吧! [ràng wǒmen dǎ bīngqiú qù ba]
Футбол ойнайық!	让我们踢足球去吧! [ràng wǒmen tī zúqiú qùba]
Волейбол ойнайық!	让我们打排球去吧! [ràng wǒmen dǎ páiqiú qùba]
Баскетбол ойнайық!	让我们打篮球去吧! [ràng wǒmen dǎ lánqiú qù ba]
Маған музыка қатты ұнайды.	我很喜欢音乐 [wǒ hěn xǐhuan yīnyuè]
Маған музыка қатты ұнамайды.	我不喜欢音乐 [wǒ bù xǐhuan yīnyuè]
Мен классикалық романдарды (қысқа әңгімелер, поэзия, детективтік әңгімелер) оқығанды ұнатамын.	我喜欢看经典小说 [wǒ xǐhuan kàn jīngdiǎn xiǎoshuō] 我喜欢看短篇小说 [wǒ xǐhuan kàn duǎnpiān xiǎoshuō] 我喜欢看诗歌 [wǒ xǐhuan kàn shīgē] 我喜欢看侦探小说 [wǒ xǐhuan kàn zhēntàn xiǎoshuō]
Сіз қандай кітаптарды оқисыз?	您喜欢看什么书? [nín xǐhuan kàn shénme shū]
Сіздің сүйікті жазушыңыз кім?	你最喜欢的作家是谁? [nǐ zuì xǐhuan de zuòjiā shì shéi]
Менің сүйікті жазушым...	我最喜欢的作家是 ... [wǒ zuì xǐhuan de zuòjiā shì ...]



Сізге осы фильм ұнады ма? Сізге осы спектакль ұнады ма? Сізге осы матч ұнады ма?	您喜欢这个电影吗? [nín xǐhuan zhège diànyǐng ma] 您喜欢这个戏剧吗? [nín xǐhuan zhège xìjù ma] 您喜欢这个比赛吗? [nín xǐhuan zhège bǐsài ma]
Кім басты рольде ойнады?	谁主演这个影片? [shéi zhǔyǎn zhège yǐngpiàn]
Мен интернетте жиі отрамын.	我经常上网 [wǒ jīngcháng shàngwǎng]
Мен уақытым болған кезде спорттық ойындар ойнаймын.	在有空时我玩体育类游戏 [zài yǒu kòng shí wǒ wán tǐyù lèi yóuxì]





5. Кездесу	会议[hui yì]
Мүмкін біз кездесеміз бе?	要不我们见一面？ [yàobù wǒmen jiàn yī miàn]
Сізге қай уақытта (орын) келсем болады?	什么时候对您来说方便？ [shénme shíhòu duì nín lái shuō fāngbiàn] 哪一个地方对您来说方便？ [nǎ yī gè dìfāng duì nín lái shuō fāngbiàn]
Біз бүгін сағат ... де ... кездесе аламызба?	我们可以在...(орын)...(уақыт) 钟见面 [wǒmen kěyǐ zài...(орын)...(уақыт) zhōng jiànmiàn]
Нақты уақытпен кездесетін орынды белгілеп алайық.	让我们定一下确切的时间和地点 [ràng wǒmen dìng yíxià quèqiè de shíjiān hé dìdiǎn]
Мен сіздерді асыға күтемін (сол жақта...)	很希望(在...) 见到您 [hěn xīwàng ( zài ...) jiàndào nín]
Шақырған үшін рахмет сізге.	谢谢您的邀请 [xièxie nín de yāoqǐng]
Өтінемін кешікпей келіңіз.	请不要迟到 [qǐng bùyào chídào]
Мен уақытында боламын.	我会准时到 [wǒ huì zhǔnshí dào]
Менің уақытым жоқ.	我没有时间 [wǒ méiyǒu shíjiān]
Менің уақытым аз.	我时间很少 [wǒ shíjiān hěn shǎo ]
Кеттік киноға барайық. Кеттік театрға барайық. Кеттік стадионға барайық. Кеттік концертке барайық.	让我们去看电影吧！ [ràng wǒmen qù kàn diànyǐng ba] 让我们去剧场吧！ [ràng wǒmen qù jùchǎng ba] 让我们去体育场吧！ [ràng wǒmen qù tǐyùchǎng ba] 让我们去听音乐会吧！ [ràng wǒmen qù tīng yīnyuèhuì ba]
Қазір жаңбыр жауады.	一会儿会下雨 [yíhuìr huì xià yǔ]
Қазір қар жауады.	一会儿会下雪 [yíhuìr huì xià xuě]
Сіз білесізбе, ...қайда екенін?	您知道... 在哪儿？ [nín zhīdao ...zài nǎr]
Мен сізді көшеде күте тұрамын.	我在街道对面等您 [wǒ zài jiēdào duìmiàn děng nín]
Мен сізді көше бұрышында күтемін.	我在街角等您 [wǒ zài jiējiǎo děng nín]
Мен қалай бару керек екенін білмеймін.	我不知道怎么走 [wǒ bù zhīdao zěnmē zǒu]
Өтінемін, мекен-жайын жазыңыз.	请你把地址写下来 [qǐng nǐ bǎ dìzhǐ xiěxiàlai ]



Шақырған үшін рахмет, бірақ мен бос болмаймын.	感谢您的邀请, 但我那个时候没有时间 [xièxiè nín de yāoqǐng , dàn wǒ nàge shíhou méiyǒu shíjiān]
Өтінемін, отырыңыз.	请坐 [qǐng zuò]
Бізге қосылғыңыз келмей ме?	您想加入我们吗? [nín xiǎng jiārù wǒmen ma]
Сіз серуендегіңіз келмей ме?	您想不想去散步? [nín xiǎng bù xiǎng qù sànbù]
Сіз театрға барғыңыз келмей ме?	您想不想去剧场? [nín xiǎng bù xiǎng qù jùchǎng]
Сіз киноға барғыңыз келмей ме?	您想不想去电影院? [nín xiǎng bù xiǎng qù diànyǐngyuàn]
Бүгін кешке боссыз ба?	今天晚上您忙吗? [jīntiān wǎnshang nín máng ma]
Сіздерді көргеніме өте қуаныштымын.	看见您我一定会很高兴 [kànjiàn nín wǒ yīding huì hěn gāoxìng]
Танысқаным қуаныштымын.	看见你我很高兴! [kànjiàn nǐ wǒ hěn gāoxìng]
Сен онымен сөйлестің ба?	你跟他说了没有? [nǐ gēn tā shuōle méiyǒu]
А, бұл сенба!	啊, 是你! [ā, shì nǐ]
Сіз маған телефон номеріңізді бере аласызба?	能把您的电话号码给我吗? [néng bǎ nín de diànhuà hàomǎ gěi wǒ ma]
Көп болды көріспегелі.	好久不见了 [hǎo jiǔ bù jiàn le]
Азаннан кешке дейін.	从早到晚 [cóng zǎo dào wǎn]
Қош келдіңіз, Ли мырза.	欢迎您, 李(адам аты) 先生. [huānyíng nín, lǐ xiānsheng]
Сізге рахмет.	谢谢您 [xièxiè nín]
Оқасы жоқ.	别客气 [bié kèqi]
Қай мемлекеттенсіз?	您是哪国人? [nín shì nǎ guó rén]
Мен Қазақстаннан келдім.	我是从哈萨克斯坦来的 [wǒ shì cóng hāsākèsītán lái de]
Мен Қазақстандықпын.	我是哈萨克斯坦人. [wǒ shì hāsākèsītán rén]
Сіздің бірінші рет Францияға келуіңіз бе?	您第一次来法国吗? [nín dìyī cì lái Fǎguó ma?]
жоқ, мен бұрын екі рет келгенмін Францияға.	不,我以前来过(法国)两次 [bù, wǒ yǐqián lái guó (Fǎguó) liǎng cì]



Бұл хат сізге біздің директордан.	这是我们经理给您的信。[zhè shì wǒmen jīnglǐ gěi nín de xìn]
Кешіріңіз, сізді мазалағаным үшін.	对不起, 麻烦您了 [duìbuqǐ, máfan nín le]
Мен .... (Адам аты) кеше кездестім, ол сізге салем жолдады.	我昨天碰到....(谁),他问你好。[tā wèn nín hǎo]
Біз сізді бүгінгі Пекин қонақ үйінде болатын кешкі асқа шақырамыз.	今天我们在北京饭店请您吃晚饭。[jīntiān wǒmen zài běijīng fàndiàn qǐng chī wǎnfàn]
Бұл мені өте қиын жағдайға салды.	这叫我很难 [zhè jiào wǒ hěn wéinán]
Қандай уақыт сізге ынғайлы?	什么时候对您来说方便? [shénme shíhou duì nín lái shuō fāngbiàn]
Сіз білесізбе..... қай жерде орналасқан?	您知道 ... 在哪儿? [nín zhīdao ...zài nǎr]
Мен де барамын.	我也去 [wǒ yě qù]
Бос болсаңыз.	别忙啊! [bié máng a]



6. Ауа райы/Табиғат	天气/自然 [tiān qì/ zìrán]
Бүгін ауа райы қандай?	今天天气怎么样? [jīntiān tiānqì zěnmeyàng]
Бүгін ыстық. Бүгін салқын.	今天很热 [jīntiān hěn rè] 今天很冷 [jīntiān hěn lěng]
Жаңбыр жауып тұр.	下雨 [xià yǔ]
Қар жауып тұр.	下雪 [xià xuě]
Күн күркірейді.	打雷了! [dǎléi le]
Ертеңгі ауа-райы қандай екенін біл- мейсіз бе?	您知道明天的天气吗? [nín zhīdao míngtiān de tiānqì ma]
Жауын жауады. Қар жауады. Жел болады. Күн жылы болады. Күн шуақты болады.	要下雨了 [yào xià yǔ le] 要下雪了 [yào xià xuě le] 要起雾了 [yào qǐ wù le] 会暖和 [huì nuǎnhuo ] 天会晴 [tiān huì qíng] 会个晴天 [huì shì gè qíng tiān]
Сіздің еліңіздегі ең суық қай ай? Сіздің еліңіздегі ең ыстық қай ай?	您的国家几月最冷? [nín de guójiā jǐ yuè zuì lěng] 您的国家几月最热? [nín de guójiā jǐ yuè zuì rè]
Мен тоңдым.	我冻僵了 [wǒ dòngjiāng le]
Маған өте ыстық.	我很热 [wǒ hěn rè]
Бүгін өте жылы. Бүгін өте суық. Бүгін өте аязды.	今天相当热 [jīntiān xiāngdāng rè] 今天相当冷 [jīntiān xiāngdāng lěng] 今天寒冷 [jīntiān hánlěng]
Бүгін ауа-райы керемет.	今天天气很棒 [jīntiān tiānqì hěn bàng]
Қандай тамаша түн! Қандай керемет таң! Қандай тамаша күн!	多么奇妙的一晚! [duōme qímào de yī wǎn] 那么好的早晨! [nàme hǎo de zǎochen] 那么好的一天! [nàme hǎo de yī tiān]
Ашық аспан.	晴天 [qíngtiān]
Бұлтты күн.	阴天 [yīntiān]
Бұлтты.	多云 [duōyún]
Жаңбыр жауып жатыр.	下雨 [xià yǔ]
Жел соғуда.	刮风 [guāfēng]



Суық.	冷 [lěng]
Ыстық.	热 [rè]
Жылы.	暖和 [nuǎnhuo]
Салқын.	凉快 [liángkuai]
Өте суық.	好冷 [hǎolěng]
Мен жаурадым.	我冻僵了 [wǒ dòngjiāng le]
Бүгін ауа райы өте жақсы.	今天天气很棒 [jīntiān tiānqì hěn bàng]
Ауа райы болжамы бойынша апта бойы күн жарқырап тұрады.	根据天气预报, 这个礼拜每天都是晴天 [gēnjù tiānqì yùbào, zhège lǐbài měitiān dūhuì shì qíngtiān]
Десе-дегендей, ауа-райы бұзылып кетті.	天气果然变了 [tiānqì guǒrán biànle]
Қалай ойлайсың, бүгін қар жауа ма?	你觉得今天会下雨吗? [nǐ juéde jīntiān huì xià yǔ ma]
Қалай ойлайсың, ертең жаңбыр жауа ма?	你觉得明天会下雨吗? [nǐ juéde míngtiān huì xià yǔ ma]
Сенің ойыңша қар жаууы ықтимал ма?	你觉得会下雪吗? [nǐ juéde huì xià xuě ma]
Жылы киімдерді алуды ұмытпа.	别忘了带厚衣服 [bié wàngle dài hòu yīfú]
Электромобильдің бензинмен жүретін автокөлікке қарағанда ауаға зияны аз.	电动汽车箱对于汽油汽车来讲对环境污染小一些 [diàndòng qìchē xiāng duìyú qìyóu qìchē lái jǐàng duì huánjīng wūrǎn xiǎo yìxiē]
Бұл күндері ауа-райы суық боп тұрады. Бірақ келесі аптадан бастап күн жылынбақ.	这几天天气会仍然很冷, 不过下用开始天会变暖 [zhè jǐ tiān tiānqì huì réngrán hěn lěng, bùguò xià yòng kāishǐ tiān huì biàn nuǎn]
Ертеңгі күннің ауа райы болжамын естідіңіздер ме?	听明天的天气预报了吗? [tīng míngtiān de tiānqì yùbào le ma]
Біз бұл ағаштар тамыр алып кетеді деп үміттенеміз.	希望这棵树很快会扎根 [xīwàng zhè kē shù hěn kuài huì zhāgēn]
Мен тоңдым.	我冷 [wǒ lěng]
Ауа температурасының күрт өзгеруі маған қатты әсер етеді.	气温的变化对我影响很大 [qìwēn de biànhuà duì wǒ yǐngxiǎng hěn dà]
Мен бүгін ауа райының жақсы болатынына кәміл сенімдімін.	我相信今天会是好天气 [wǒ xiāngxìn jīntiān huì shì hǎo tiānqì]
Мен қолшатырымды ұмытып кетіппін.	我忘带雨伞了 [wǒ wàng dài yǔsǎn le]
Ауа райының қолайсыздығына қарамастан, біз қала орталығын араладық.	虽然天气不好, 我们还是逛了市中心 [suīrán tiānqì bù hǎo, wǒmen háishì guàngle shì zhōngxīn]
Осылай ыстық болуы бұл жер үшін әдеттегі нәрсе ме?	这么热正常吗? [zhème rè zhèngcháng ma]



Бұл жер ылғи осылай суық боп тұра ма?	这里经常这么冷吗? [zhèlǐ jīngcháng zhème lěng ma]
Бүгін жаңбыр жауатын сияқты.	今天可能会下雨 [jīntiān kěnéng huì xià yǔ]
Түнде суық болады.	夜里会很冷 [yèlǐ huì hěn lěng]
Қазір жаңбыр жаады.	现在会下雨 [xiànzài huì xià yǔ]
Жаңбыр жаууы ықтимал.	可能会下雨 [kěnéng huì xià yǔ]
Ауа райы бұзылуы мүмкін.	可能会变天 [kěnéng huì biàn tiān]
Жаңбыр жауып кеткендіктен мен таксимен қайттым.	因为下雨, 我搭车回来的 [yīnwèi xià yǔ, wǒ dāchē huílái de]
Жаңбыр құйып тұр.	现在正下着倾盆大雨 [xiànzài zhèng xiàzhe qīngpén dàyǔ]
Жаңбыр жауып тұр.	正在下雨呢 [zhèngzài xià yǔ ne]
Жаңбыр сіркіреп тұр.	在下毛雨呢 [zài xià máo yǔ ne]
Күн бұлтты.	是阴天 [shì yīn tiān]
Күн суық.	天很冷 [tiān hěn lěng]
Ауа райы жақсаруы мүмкін.	天气可能会变暖 [tiānqì kěnéng huì biàn nuǎn]
Күн ыстық.	天太热了 [tiān tài rèle]
Қар жауып тұр.	正下雪呢 [zhèng xià xuě ne]
Күн шығып тұр.	有太阳 [yǒu tàiyáng]
Жаңбыр жауатын сыңайы бар.	好像要下雨了 [hǎoxiàng yào xià yǔle]
Күн жылы.	天很温暖 [tiān hěn wēnnuǎn]
Тезірек қайтайық, қазір жаңбыр басталады.	我们赶紧回去吧, 快下雨了 [wǒmen gǎnjīn huíqù ba, kuài xià yǔle]
Дала суық, сырт киімінді киіп ал.	外面冷, 穿上你的外套 [wàimiàn lěng, chuān shàng nǐ de wàitào]
Плащ киіп ал, далада жаңбыр жауып тұр.	穿上你的雨衣把, 外面正下雨呢 [chuān shàng nǐ de yǔyī bǎ, wàimiàn zhèng xià yǔ ne]
Кенеттен жаңбыр құйып кетті.	突然下起大雨了 [túrán xià qǐ dàyǔle]
Бұлбұл әдемі сайрайды.	夜莺声很优美 [yèyīng shēng hěn yōuměi]
Біздің серуеніміздің жаңбыр бұзып жіберді.	我们的散步被雨打断了 [wǒmen de sànbù bèi yǔ dǎ duànle]
Өзеннің ағысы қатты.	这条河的水流很大 [zhè tiáo hé de shuǐliú hěn dà]
Райхан гүлін қиып тұру қажет.	玫瑰需要修剪 [méiguī xūyào xiūjiǎn]
Күн ашылып келе жатыр.	天气开始变晴了 [tiānqì kāishǐ biàn qíngle]
Аспанда жұлдыздар жамырап тұр.	满天都是星星 [mǎn tiān dū shì xīngxīng]



Қар еріп жатыр.	雪在融化 [xuě zài rónguà]
Дауылдан су тасқыны басталды.	暴风引起了洪水 [bàofēng yǐnqǐle hóngshuǐ]
Дауыл қайықты аударып жіберді.	暴风吹翻了轮船 [bàofēng chuī fānle lúnchuán]
Дауыл ағашты қопарып тастады.	树木被暴风吹翻了 [shùmù bèi bàofēng chuī fānle]
Ағашқа найзағай түсті.	树木被雷劈了 [shùmù bèi léi pīle]
Бақтағы ағаш бұтақтарын қию керек.	公园里面的树木需要修建 [gōngyuán lǐmiàn de shùmù xūyào xiūjiàn]
Нү орманда түрлі өсімдіктер бар.	森林里面有各种各样的植物 [sēnlín lǐmiàn yǒu gè zhǒng gè yàng de zhíwù]
Дауылдың әсерінен толқын көтіреліді.	暴风引起了大浪 [bàofēng yǐnqǐle dàlàng]
Ауа райы болжамы бойынша бүгін жаңбыр болуы ықтимал.	据天气预报今天会下雨 [jù tiānqì yùbào jīntiān huì xià yǔ]
Ауа райы болжамы бойынша бүгін дауыл болуы мүмкін.	据天气预报今天会下暴雨 [jù tiānqì yùbào jīntiān huì xià bàoyǔ]
Апта бойы ауа райы керемет болып тұр.	整个星期天气都很好 [zhěnggè xīngqī tiānqì dōu hěn hǎo]
Ауа райы керемет болды.	天气很好 [tiānqì hěn hǎo]
Жел солтүстік жақтан соғып тұр.	风从北京吹来 [fēng cóng běijīng chuī lái]
Жел жоқ.	没有风 [méiyǒu fēng]
Найзағайлы жаңбыр жауды.	下了场雷雨 [xiàle chǎng léiyǔ]
Бұл өнім қоршаған ортаға зиянын тигізеді.	这个产品对环境有害 [zhège chǎnpǐn duì huánjìng yǒuhài]
Бұл өте таза көл.	这条河很清澈 [zhè tiáo hé hěn qīngchè]
Қызыл балық өзен мен көлде өмір сүреді.	鳊鱼在河里和湖里都能生活 [zūn yú zài hé lí hé hú lǐ dōu néng shēnghuó]
Ауа райы жақсы боп тұрғанда, серуенге шығып келейік.	趁着好天气咱们去散步把 [chènzhe hǎo tiānqì zánmen qù sǎnbù bǎ]
Қандай ғажайып күн еді!	多么美好的日子! [duōme měihǎo de rizi]
Ауа райы не деген сұмдық боп кетті!	多么糟糕的天气呀! [duōme zāogāo de tiānqì ya]
Ауа райы қалай?	天气怎样? [tiānqì zěnyàng]
Бүгін қатты жел ұрып тұр.	今天晚上刮大风 [jīntiān wǎnshàng guā dàfēng]
Біз жаңбыр астына қалып қойдық.	我们淋到了雨 [wǒmen lín dào le yǔ]



7. Көңіл көтеру	大事狂欢 [dàshì kuánghuān]
Сізге бұл музыка ұнайды ма?	这个音乐您喜欢吗？ [zhègè yīnyuè nín xǐhuan ma]
Сен музыканың қай түрін ұнатасың?	您喜欢听什么音乐？ [nín xǐhuan tīng shénme yīnyuè]
Сізге бұл жер ұнай ма?	您喜欢这里吗？ [nín xǐhuan zhèlǐ ma]
Өзіңізді жақсы сезініп жатырсызба?	您感觉舒服吗？ [nín gǎnjué shūfu ma]
Сіз жақсы супермаркетті білесіз бе?	您知道这里有没有好的超市？ [nín zhīdao zhèlǐ yǒu méi yǒu hǎo de chāoshì]
Сіз жақсы кітап дүкенін білесіз бе?	您知道这里有没有好的书店？ [nín zhīdao zhèlǐ yǒu méi yǒu hǎo de shūdiàn]
Сіз жақсы кондитерлік дүкен білесіз бе?	您知道这里有没有好的面包房？ [nín zhīdao zhèlǐ yǒu méi yǒu hǎo de miànbāofáng]
Сіз жақсы кинотеатр білесіз бе?	您知道这里有没有好的电影院？ [nín zhīdao zhèlǐ yǒu méi yǒu hǎo de diànyǐngyuàn]
Сізде бар ма ...?	您有没有 ... [nín yǒu méi yǒu...]
Өтінемін, бересізбе?	请给我 ... [qǐng gěi wǒ...]
Бұл қанша тұрады?	这个东西多少钱？ [zhègè dōngxi duōshǎo qián]
Шығу есігі қай жақта?	出口在哪儿？ [chūkǒu zài nǎr]
Дәретхана қай жақта?	厕所在哪儿？ [cèsuǒ zài nǎr]
Сіз білмейсізбе ... қай жақта екенін?	您知道 ... 在哪儿？ [nín zhīdao ...zài nǎr]
... қалай жетуге болатынын айта аласыз ба?	请问，去 ... 怎么走？ [qǐngwèn , qù ...zěnme zǒu ]
Бұл алыс емес пе?	离这儿远吗？ [lí zhèr yuǎn ma]
Ертең не істейсіз?	您明天干什么？ [nín míngtiān gàn shénme]
Осы жерге отыра тұрсам болама?	可以在这儿坐一下吗？ [kěyǐ zài zhèr zuò yíxià ma]
Маған телефон нөміріңізді бере аласыз ба?	能把您的电话号码给我吗？ [néng bǎ nín de diànhuà hàomǎ gěi wǒ ma]
Шақырған үшін көп рахмет сізге.	多谢您的邀请 [duōxiè nín de yāoqǐng ]
Ас болсын!	祝您胃口好！ [zhù nín wèikǒu hǎo]
Өтінемін, тездете аласызба	快一点！ [kuài yīdiǎn]





Мен диета ұстап жүрмін.	我正在节食 [wǒ zhèngzài jiéshí]
Қандай десертті қалайсыз?	您想要吃什么甜点? [nín xiǎngyào chī shénme tiándiǎn]
Өтінемін, есепшотты әкеліңізбе	结账买单 [jié zhàng mǎi dān]
Есепшотта қате бар.	账单上有错误 [zhàngdān shàng yǒu cuòwù]
Сіз қай театрға баруды ұсынасыз?	您建议去哪个剧场好? [nín jiànyì qù nǎ ge jùchǎng hǎo]
Мен кинотеатрға барғым келеді.	我要去看电影 [wǒ yào qù kàn diànyǐng]
Мен театрға барғым келеді.	我要去剧场 [wǒ yào qù jùchǎng]
Мен концертке барғым келеді.	我要去音乐会 [wǒ yào qù yīnyuèhuì]
Бұл фильмде рөлде кім ойнайды?	谁饰演这个电影? [shéi shìyǎn zhège diànyǐng]
Сізге фильм ұнады ма?	您喜欢这个电影吗? [nín xǐhuan zhège diànyǐng ma]
Сізге спектакль ұнады ма?	您喜欢这个戏剧吗? [nín xǐhuan zhège xìjù ma]
Сізге жарыс (матч) ұнады ма?	您喜欢这个比赛吗? [nín xǐhuan zhège bǐsài ma]
Өтінеміз, біздің орындарымызды көрсетіңізші.	请给我看一下我们的位置 [qǐng gěi wǒ kàn yíxià wǒmen de wèizhi]
Билеттер қымбат па?	这些票贵吗? [zhèxiē piào guì ma]
Маған арзанырақ нәрсе беріңізші.	请给我便宜一点儿的東西 [qǐng gěi wǒ piányi yídiǎnr de dōngxi]
Өтінемін, маған жақсырақ нәрсе беріңіз.	请给我好一点兒 [qǐng gěi wǒ hǎo yídiǎnr]
Өтінемін, маған жақынырақ беріңіз.	请给我近一点兒 [qǐng gěi wǒ jìn yídiǎnr]
Өтінемін, маған ары қарай беріңіз.	请给我远一点兒 [qǐng gěi wǒ yuǎn yídiǎnr]
Өтінемін, маған шетінен беріңіз.	请给我两边兒的 [qǐng gěi wǒ liǎng biānr de]
Өтінемін, маған ортадан беріңіз.	请给我中间的 [qǐng gěi wǒ zhōngjiān de]
Қала мұражайларына барайық.	让我们去参观博物馆吧! [ràng wǒmen qù cānguān bówùguǎn ba]
Сіз қай музейге барғыңыз келеді: тарихи, бейнелеу өнері немесе сурет галереясы?	您想去什么博物馆: 历史博物馆, 美术馆 还是画廊? [nín xiǎng qù shénme bówùguǎn: lìshǐ bówùguǎn, měishùguǎn háishi huàláng]



Мұражай қашан ашылады? Мұражай қашан жабылады?	博物馆什么时候开门 [bówùguǎn shénme shíhou kāimén] 博物馆什么时候关门? [bówùguǎn shénme shíhou guānmén]
Билет қанша тұрады?	车票多少钱? [chēpiào duōshǎo qián]
Мұнда суретке түсе аламын ба?	这里可以照相吗? [zhèlǐ kěyǐ zhàoxiàng ma]
Бұл кімнің жұмысы?	这是谁的工作? [zhè shì shéi de gōngzuò]
Бұл түпнұсқа ма немесе көшірме ме?	这是原件还是复印件? [zhè shì yuánjiàn háishi fùyìnjiàn ]
Мен адасып қалдым.	我迷路了 [wǒ mílù le]
Сіз қайда бара жатырсыз?	您去哪儿? [nín qù nǎr]
Мен сіздерді театрға шақырғым келеді? Мен сіздерді менің үйіме шақырғым келеді?	我可以邀请您去剧场吗? [wǒ kěyǐ yāoqǐng nín qù jùchǎng ma] 我可以邀请您来我家吗? [wǒ kěyǐ yāoqǐng nín lái wǒ jiā ma]
Сіз жақсы жүзесіз бе?	您游得好吗? [nín yóu de hǎo ma]
Бүгін ауа-райы жаман емес.	今天天气不错 [jīntiān tiānqì bú cuò]
Өтінем, беріңізші маған...	请给我 ... [qǐng gěi wǒ...]
Сендер не көріп жатырсыздыр?	你们看什么呢? [nǐmen kàn shénme ne]
Ал сен?	你呢 [nǐ ne]
Менің киноға барғым келеді.	我要去看电影 [wǒ yào qù kàn diànyǐng]
Үміт - бұл соңғы сынған сезім.	希望是最后破灭的感情 [xīwàng shì zuìhòu pòmiè de gǎnqíng]



8. Саяхат/Демалыс	旅行[lǚ xíng]/度假[dù jià]
<p>Мен әр түрлі жерлерде болдым.</p> <p>Мен әр түрлі елдерде болдым.</p> <p>Мен әр түрлі қалаларда болдым.</p> <p>Мен әр түрлі әртүрлі континенттерде болдым.</p>	<p>我去过很多地方 [wǒ qù guo hěn duō dìfāng]</p> <p>我去过很多国家 [wǒ qù guo hěn duō guójiā]</p> <p>我去过很多城市 [wǒ qù guo hěn duō chéngshì]</p> <p>我去过不同的大洲 [wǒ qù guo hěn duō dàzhōu]</p>
<p>Мен белсенді туризммен айналысамын.</p>	<p>我是个旅游发烧友。 [wǒ shì gè lǚyóu fāshāoyǒu]</p>
<p>Мен жаңа жерлерді барғанды ұнатамын.</p> <p>Мен жаңа елдерді барғанды ұнатамын.</p> <p>Мен жаңа қалаларды барғанды ұнатамын.</p>	<p>我很喜欢去新的地方 [wǒ hěn xǐhuan qù xīn de dìfāng]</p> <p>我很喜欢去新的国家 [wǒ hěn xǐhuan qù xīn de guójiā]</p> <p>我很喜欢去新的城市 [wǒ hěn xǐhuan qù xīn de chéngshì]</p>
<p>Мен ұшақпен саяхаттауды қалаймын.</p> <p>Мен поездпен саяхаттауды қалаймын.</p> <p>Мен автомобильмен саяхаттауды қалаймын.</p> <p>Мен автобусбен саяхаттауды қалаймын.</p>	<p>我更喜欢坐飞机旅游 [wǒ gèng xǐhuan zuò fēijī lǚyóu]</p> <p>我更喜欢坐火车旅游 [wǒ gèng xǐhuan zuò huǒchē lǚyóu]</p> <p>我更喜欢坐汽车旅游 [wǒ gèng xǐhuan zuò qìchē lǚyóu]</p> <p>我更喜欢坐大巴旅游 [wǒ gèng xǐhuan zuò dàbā lǚyóu]</p>
<p>Бірінші рет</p>	<p>第次 [dì yīcì]</p>
<p>Менің соңымнан жүр.</p>	<p>你跟我走 [nǐ gēn wǒ zǒu]</p>
<p>Сізге бұл жер ұнайма?</p>	<p>您喜欢这里吗? [nín xǐhuān zhèlǐ ma]</p>
<p>Менің қай уақытта тіркелуім керек?</p>	<p>什么时候我要登记? [shénme shíjiān wǒ yào dēngjì]</p>
<p>Мен бөлмені қай уақытта босатуым керек?</p>	<p>我要什么时候腾出房间? [wǒ yào shénme shíhòu téng chū fángjiān]</p>
<p>Жүгімді осы жерде қалдырсам бола ма?</p>	<p>我可以把行李放在这里吗? [wǒ kěyǐ bǎ xínglǐ fàng zài zhèlǐ ma]</p>
<p>Таңғы асты біз өз бөлmemізde ішсек бола ма?</p>	<p>我们可以在房间里吃早餐吗? [wǒmen kěyǐ zài fángjiān lǐ chī zǎocān ma]</p>



Сіз Бейжіңнен келетін ұшақтың қаншада қонатынын айта аласыз ба?	您能确认一下从北京起飞的飞机的到达时间吗? [nín néng quèrèn yíxià cóng běijīng qǐfēi de fēijī de dàodá shíjiān ma]
Менің заттарыма бір сәтке қарай тұрасыз ба?	你能帮我照看一下东西吗? [nǐ néng bāng wǒ zhàokàn yíxià dōngxī ma]
Мен өз депозитімді алсам бола ма?	您可以退给我我留的押金吗? [nín kěyǐ tuì gěi wǒ wǒ liú de yājīn ma]
Менің кілтімді беріңізші.	把我的钥匙给我, 好吗? [bǎ wǒ de yàoshi gěi wǒ, hǎo ma]
Менің паспортымды беріңізші.	把我的护照给我, 好吧? [bǎ wǒ de hùzhào gěi wǒ, hǎo ba]
Мен алдымен бөлмені көрсем бола ма?	能不能先让我看看房间? [néng bùnéng xiān ràng wǒ kàn kàn fángjiān]
Менің бөлmemді қазір тазалап жіберіңізші.	能不能现在就打扫我的房间? [néng bùnéng xiànzài jiù dǎsǎo wǒ de fángjiān]
Маған картада көрсетіп жібересіз бе?	你能在地图上指给我看吗? [nǐ néng zài dìtú shàng zhǐ gěi wǒ kàn ma]
Сіздерде демалыс күндері жеңілдіктер жасала ма?	周末有特价吗 [zhōumò yǒu tèjià ma]
Тура жүре беріңіз.	一直往前走 [yízhí wǎng qián zǒu]
Сен арқа қоржыныңды сайладың ба?	你已经整理好你的背包了吗? [nǐ yǐjīng zhěnglǐ hǎo nǐ de bèibāole ma]
Сіз жақын маңды барып көрдіңіз бе?	你已经去过周边地区了吗? [nǐ yǐjīng qùguò zhōubiān dìqūle ma]
Сіз Бали аралында болдыңыз ба?	你去过巴厘岛吗? [nǐ qùguò bālǐ dǎo ma]
Сен бұрын-соңды Қазақстанда болып көрдің бе?	你去过哈萨克斯坦吗? [nǐ qùguò hāsàkè sītǎn ma]
Егер сіз Қазақстанға келетін болсаңыз мені мына мекенжай бойынша таба аласыз.	你来哈萨克斯坦, 可以按这个地址找到我 [nǐ lái hāsàkè sītǎn, kěyǐ àn zhège dìzhǐ zhǎodào wǒ]
Мен мына жерге қалай жете аламын?	这个地方怎么走? [zhège dìfāng zěnme zǒu]
Мен ол жерге қалай бара аламын?	那个地方怎么走? [nàgè dìfāng zěnme zǒu]
Ол қаншалықты қашық жерде жатыр?	有多远? [yǒu duō yuǎn]
Бұл жерде қанша уақыт боласыз?	你要呆多久? [nǐ yào dāi duōjiǔ]
Жаяу қанша уақытта жетуге болады?	步行要花多长时间? [bùxíng yào huā duō cháng shíjiān]
Сапар қанша уақытқа созылады?	旅行要花多长时间? [lǚxíng yào huā duō cháng shíjiān]
Мен бұрын бұл жерде болғанмын.	我以前来过这里 [wǒ yǐqián lái guò zhèlǐ]



Мен ол жерде болған емеспін.	我还没有去过那里 [wǒ hái méiyǒu qùguò nàlǐ]
Мен сізге жағалау бойымен серуендеп келуіңізді жөн деп ойлаймын.	我建议你沿着海岸散步 [wǒ jiànyì nǐ yánzhe hǎi'àn sànbù]
Мен ертең таң атпай кетемін.	我明天很早就出发 [wǒ míngtiān hěn zǎo jiù chūfā]
Мен бұл жерде өткен жылы осы уақытта болғанмын.	我去年的这个时候也在这里 [wǒ qùnián de zhège shíhòu yě zài zhèlǐ]
Мен бұл жерде бірнеше күн боламын.	我要住几天 [wǒ yào zhù jǐ tiān]
Мен ол жерде ешқашан болған емеспін.	我从来没有去过那里 [wǒ cónglái méiyǒu qùguò nàlǐ]
Мен Парижге жүргелі жатырмын.	我准备去巴黎 [wǒ zhǔnbèi qù bāilí]
Біз көктемде Бейжіңге барамыз.	春天我们要去北京 [chūntiān wǒmen yào qù běijīng]
Біз жазда теңізге әдетте машинамен барамыз.	夏天我们一般开车去海边 [xiàtiān wǒmen yībān kāichē qù hǎibiān]
Бұл алыс па?	这远吗? [zhè yuǎn ma]
Бұл осы жақын жерде ме?	在这附近吗? [zài zhè fùjìn ma]
Ол бұл жерден алыс па?	离这里很远吗? [lí zhèlǐ hěn yuǎn ma]
Қызмет көрсету осы бағаның ішінде қамтылған ба?	包含服务费吗? [bāohán fúwù fèi ma]
Бұл мейрамхана қала орталығына жақын ба?	酒店离市中心近吗? [jiǔdiàn lí shì zhōngxīn jìn ma]
Бұл суды ішуге бола ма?	这儿的水能喝吗? [zhè'er de shuǐ néng hē ma]
Сіздерде ағылшын тілінде сөйлейтін гид/ жолнұсқа бар ма?	有说英语的导游吗? [yǒu shuō yīngyǔ de dǎoyóu ma]
Қала картасын қайда табуға болады?	有市区地图吗? [yǒu shì qū dìtú ma]
Сіздер бұл жерге бірінші рет келіп тұрсыздарма?	你们是第一次来这里吗? [nǐmen shì dì yī cì lái zhèlǐ ma]
Жаз күні бұл жерде адам көп болады.	夏天这里人很多 [xiàtiān zhèlǐ rén hěnduō]
Жаяу он минутта жетуге болады.	步行也就10分钟 [bùxíng yě jiù 10 fēnzhōng]
Бұл жерде саяхатшылар көбейіп кетті.	这里的游客太多了 [zhèlǐ de yóukè tài duōle]
Бұл алыс емес.	这个不远 [zhège bù yuǎn]
Біз осы жерге тоқтасақ бола ма?	我们可以在这里停留吗? [wǒmen kěyǐ zài zhèlǐ tíngliú ma]
Ол жерде саяхатшылар өте көп емес.	那里的游客不多 [nàlǐ de yóukè bù duō]



Біз биыл демалысымызды Түркияда өткіземіз.	今年我们将在土耳其度假 [jīnnián wǒmen jiàng zài tǔ'ěrqi dùjià]
Біз биыл демалысқа бармаймыз.	我们今天不去度假了 [wǒmen jīntiān bù qù dùjiàle]
Біз шыққан жерімізге қайтып келдік.	现在我们回到原点了 [xiànzài wǒmen huí dào yuándiǎnle]
Біз шығысқа қарай бара жатырмыз.	我们往东旅行 [wǒmen wǎng dōng lǚxíng]
Біз кедендегі кезекте бір сағаттай тұрдық.	我们在海关那里排了一个小时的队 [wǒmen zài hǎiguān nàlǐ páile yīgè xiǎoshí de duì]
Біз бұл жерде тек бір түн ғана тұрамыз.	我们只呆一晚上 [wǒmen zhǐ dāi yī wǎnshàng]
Біз бұл жерде жеті күн боламыз.	我们将住七个晚上 [wǒmen jiāng zhù qī gè wǎnshàng]
Біз бұл жерде келесі жексенбіге дейін тұрсақ деп едік.	我们想呆到下周日 [wǒmen xiǎng dāi dào xià zhōu rì]
Біз сенің артыңа ереміз.	我们要跟着你 [wǒmen yào gēnzhe nǐ]
Біздің бағытымыз дұрыс емес.	我们走错了 [wǒmen zǒu cuò lùle]
Біз ертең кетеміз.	我们明天离开 [wǒmen míngtiān líkāi]
Біз демалыстамыз.	我们在度假 [wǒmen zài dùjià]
Бұл жерде қандай көрікті жерлер бар?	这里有什么名胜古迹? [zhè lǐ yǒu shé me míngshèng gǔjī]
Сіздер қашан жүресіздер?	你什么时候离开? [nǐ shénme shíhòu líkāi]
Тағыда бір түнге қалсақ бола ма?	可以多呆一个晚上吗? [kěyǐ duō dāi yīgè wǎnshàng ma]
Мына үлгіні толтырыңыз.	请你填一下这张表, 好吗? [qǐng nǐ tián yīxià zhè zhāng biǎo, hǎo ma]
Сіз менімен кез-келген уақытта телефон шалып хабарласа аласыз.	你可以随时打电话找我 [nǐ kěyǐ suíshí dǎ diànhuà zhǎo wǒ]
Алматыдан Пекинге дейін	从莫斯科到北京 [cóng mòsikē dào běijīng]
Бұл жерден алыс па?	离这儿远吗? [lí zhèr yuǎn ma]
Саяхаттық автобусы мен саяхаттау	旅游车旅行 [lǚyóu yóu chē lǚxíng]
Саған билеген ұнайма?	你喜欢跳舞吗 [nǐ xǐhuān tiàowǔ ma]



<b>9. Кездесу уақытын белгілеу</b>	<b>约定时间/[ yuēdìng shíjiān]</b>
Өтінемін, кешікпеңіз	请不要迟到 [qǐng bù yào chí dào]
Мен уақытында боламын.	我会准时到 [wǒ huì zhǔnshí dào]
Кеттік менім үйімде кофе ішіп алайық.	来我家喝点儿咖啡吧！ [lái wǒ jiā hē diǎnr kāfēi ba]
Кеттік менім үйімде бір нәрсе ішіп алайық.	来我家喝点儿酒吧！ [lái wǒ jiā hē diǎnr jiǔ ba]
Кеттік менім үйімде әңгіме айтайық.	来我家聊聊吧！ [lái wǒ jiā liáoliáo ba]
Өтінемін, мен сізді шығарып салайын?	我可以送您到家吗？ [wǒ kěyǐ sòng nín dào jiā ma]
Мүмкін біз кездесеміз?	要不我们见一面？ [yàobù wǒmen jiàn yī miàn]
Біз бүгін сағат ... де ... кездесе аламызба?	我们可以在...(орын)...(уақыт) 钟见面 [wǒmen kěyǐ zài...(орын)...(уақыт) zhōng jiànmiàn]
Біз қайда кездесеміз?	(你说) 我们在哪儿可以见面？ [(nǐ shuō) wǒmen zài nǎr kěyǐ jiànmiàn]
Өзіңізбен біреуді алып келгіңіз келе ме?	您想带谁一起去吗？ [nín xiǎng dài shéi yìqǐ qù ma]
Сағат 2де мен үшін қолайлы.	我两点钟正好有时间 [wǒ liǎng diǎn zhōng zhèng hǎo yǒu shíjiān]
Сағат 2де мен үшін қолайлы емес.	我两点钟没时间 [wǒ liǎng diǎn zhōng méi shíjiān]
Сағат 2де мен үшін өте ыңғайлы.	我两点钟很方便 [wǒ liǎng diǎn zhōng hěn fāngbiàn]
Сағат 2де мен үшін өте ыңғайсыз.	我两点钟不方便 [wǒ liǎng diǎn zhōng bù fāngbiàn]
Біз нақты уақыт пен мекен-жайды белгілеп алсақ.	让我们定一下确切的时间和地点 [ràng wǒmen dìng yíxià quèqiè de shíjiān hé dìdiǎn]
Мен сізді түсінбеймін.	我不懂您的意思 [wǒ bù dǒng nín de yìsi]
Өтінемін, қайта қайталайсызба?	您可以再说一遍吗？ [nín kěyǐ zài shuō yī biàn ma]
Бізге аудармашы керек.	我们需要翻译 [wǒmen xūyào fānyì]
Бізге аудармашы керек емес.	我们不需要翻译 [wǒmen bù xūyào fānyì]
Қандай уақыт сізге тура келеді?	什么时候对您来说方便？ [shénme shíhou duì nín lái shuō fāngbiàn]



Оның кеткеніне біраз болды.	他早走了 [tā zǎo zǒule]
Көп болды көріспегелі.	很久没有见面 [hěnjiǔ méiyǒu jiànmiàn]
Мен тез сөйлеп жатырмын ба?	我是不是说得太快? [wǒ shì bù shì shuō de tài kuài]
Сен онымен сөйлестіңба?	你跟他说了没有? [nǐ gēn tā shuōle méiyǒu]
Сіздің хатыңыз	您的信 [nín de xìn]
Мен онымен доспын	我跟他好 [wǒ gēn tā hǎo]
Сізді кішкене мазаласам боладыма?	可以打扰您一下吗? [kěyǐ dǎrǎo nín yíxià ma]
Менде уақыт жоқ.	我没有时间 [wǒ méiyǒu shíjiān]
Біз қай жерде кездесеміз?	我们要在哪儿见面? [wǒmen yào zài nǎr jiànmiàn]
Өтінем жай сөйлесеңіз.	请说慢一点儿 [qǐng shuō màn yīdiǎnr]
Бір жерге барып отырғанға қалай қарайсыз?	让我们去哪儿坐一下吧! [ràng wǒmen qù nǎr zuò yíxià ba]
Өтінем маған арзанырақ тауар беріңізші.	请给我便宜一点儿的東西 [qǐng gěi wǒ piányi yīdiǎnr de dōngxi]
Билеттер қымбатпа?	这些票贵吗? [zhèxiē piào guì ma]
Кешіріңіз, мен жасай алмаймын.	对不起, 我不能 [duìbuqǐ, wǒ bù néng]
Өміріңіз қалай?	生活怎么样? [shēnghuó zěnmeyàng]
Сіздің сүйікті тағамыңыз қандай?	您最喜欢吃的菜是什么? [nín zuì xǐhuan chī de cài shì shénme]
Өтінем маған мына кітапты көрсетесізба	请给我看一下这个书 [qǐng gěi wǒ kàn yíxià zhège shū]
Қанша айалдама бар ...?	到... 有多少站? [dào...yǒu duōshǎo zhàn]
Қанша ақша тұрады метрода?	地铁票多少钱? [dìtiě piào duōshǎo qián]





10. Жалпы Фразалар	基本短语 /[jīběn duǎnyǔ]
Өтінемін, айтыңызба....	请问 [qǐngwèn]
Сізді бір минутқа болама.  Маған бола ма...	可以打扰您一下吗? [kěyǐ dǎrǎo nín yíxià ma] 可以麻烦您一下吗? [kěyǐ máfan nín yíxià ma] 我可以 ... 吗? [wǒ kěyǐ ...ma]
Мен мұны қалай істеуім керек?	我最好怎样做? [wǒ zuì hǎo zěnyàng zuò]
Қалайсыз?	你好吗? [nǐ hǎo ma]
Рахмет жақсы.	谢谢, 好吧 [xièxie, hǎo ba]
Қандай түс ...?	....什么颜色? [...shénme yánsè]
Алдымен солға жақыңызға қарап алыңыз, содан кейін түзу жүріңіз.	先往左边拐, 再往前走 [xiān wàng zuǒbian guǎi, zài wàng qián zǒu]
Сіз қайда бара жатырсыз?	您去哪儿? [nín qù nǎr]
Бұрыштан солға бұрылу керек. Бұрыштан оңға бұрылу керек.	到了拐角往左转 [dào le guǎijiǎo wàng zuǒ zhuǎn] 到了拐角往右转 [dào le guǎijiǎo wàng yòu zhuǎn]
Әлі ерте!	还早呢! [hái zǎo ne]
Өтінімен, кешікпей келсеңіз.	请不要迟到 [qǐng bùyào chídào]
Бір минут өтінемін.	稍等一下 [shāoděng yíxià]
Менің уақытым жоқ.	我没有时间 [wǒ méiyǒu shíjiān]
Жартысы	... 点半 [...diǎn bàn]
Жарты сағаттан кейін.	半小时以后 [bàn xiǎoshí yǐhòu]
Екі күннен кейін.	两天以后 [liǎng tiān yǐhòu]
Бір аптадан кейін.	一个星期以后 [yíge xīngqī yǐhòu]
Бір айдан кейін.	一个月以后 [yíge yuè yǐhòu]
Қазір қандай ай?	现在是几月? [xiànzài shì jǐ yuè]
Бүгін аптаның қай күні?	今天是星期几? [jīntiān shì xīngqī jǐ]
Сізге қай мезгіл ұнайды?	您最喜欢是什么季节? [nín zuì xǐhuan shì shénme jìjié]
Сіз мені түсінесіз бе?	您懂我的意思吗? [nín dǒng wǒ de yìsi ma]
Сіздің бір жеріңіз ауырып тұр ма?	您哪儿疼? [nín nǎr téng]



Өміріңіз қалай?	生活怎么样? [shēnghuó zěnmeyàng ]
